

Біздің тірегіміз –
тәуелсіздік, тілегіміз –
тұрақтылық, білегіміз –
бірлік!

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

ЖАМБЫЛ – 175



ҰЛТ РУХАНИЯТЫНДАҒЫ
ҰЛЫ ТҮЛҒА

6

ИНДЕТПЕН КҮРЕС



РЕВАКЦИНАЦИЯҒА
НИЕТТІЛЕР КӨП

9

#ЕКПЕАЛ



KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

7.12.2021

Түнде:

0-2 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+5+7 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің
жылдамдығы:
3-8 м/с

8.12.2021

Түнде:

0-2 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+3+5 °C
Көшпелі бұлтты,
жаңбыр.



Желдің жылдамдығы:
3-8 м/с

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №149 (6125) 7 желтоқсан, сейсенбі, 2021 жыл.

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы ТӘУЕЛСІЗДІК ТАҒЫЛЫМЫ



Көп ұзамай ең қасиетті құндылығымыз – ел тәуелсіздігінің торқалы тойын атап өтеміз. Осыдан отыз жыл бұрын біз саналы түрде, өз дүниетанымымыз бен болмысымыздың негізі ретінде бостандық пен азаттыққа таңдау жасадық. Бүгінге дейінгі бұл мерзім адамзат тарихы үшін қас-қағым ғана сәт болғанымен, орда бұзар жасқа енді толған тәуелсіз Қазақстан үшін ол – үлкен белес, асқаралы асу.

2-4

БІЛІМ

«DIGITAL USTAZ ALMATY» жеңімпаздары марапатталды



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.

Алматыда Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерейтойы аясында ұйымдастырылған «Digital Ustaz Almaty» атты педагогтар арасындағы қалалық конкурс мәреге жетті. Тамыз айының соңында бастау алған аталмыш байқаудың болмысы да, шарты да өзгеше. Ең басты мақсат – сапалы цифрлық білім беруге қол жеткізу.

8

ҚЫСҚА...

- Жамбыл Жабаевтың «Жамбыл әлемі» атты 30 томдық шығармалар жинағының тұсауы кесілді.
- ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің мәліметінше, жеке тұлғалар арасындағы мобильді аударымдарға салық салынбайды. Ол заңды ақша айналымын көрсетпейтін кәсіпкерлерге қатысты.
- Жыл басынан бері 17,3 мыңнан астам этникалық қазақ тарихи Отанына оралды. Олардың 28,3%-ы Алматыға қоныстанған.
- Алдағы жылы мегаполистегі Бостандық ауданында заңсыз салынған 250-ге жуық гараж сүріледі.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
261-59-11, 259-88-99 (ішкі 0318) телефондары бойынша хабарласыңыз!



(Басы 1-бетте)

Мұндайға тек рухы күшті, бірлігі бекем жұрт қана қол жеткізе алады.

Арғыда сақ, ғұн бабаларымыз, беріде қаһарман түрік аталарымыз аласапыран замандардағы алақұйын дауылдарға төтеп беріп, Ұлы далада ұлық ұлыс құрды. Талай жұрт алапат соғыстар мен арпалысқан айқастарда үдере көшіп, бордай тозып, тастай үгіліп, құмдай шайылып кеткен замандарда қазақтар түрік жұртының ата қонысын, қара шаңырағын сақтап қалды.

Дана бабаларымыз өзін ғана емес, адал ғұрпын, дархан көңілін, таза тілін, әсем әні мен қоңыр күйін, мәйекті мәдениеті мен бай әдебиетін қоса сақтап, ұрпағына аманаттай білді. Тамырын да, тарихын да, күш-қуатын да Ұлы даладан алатын, көптеген этнос өкілдері татулық пен келісімде, береке-бірлікте бірге өмір сүріп жатқан дәл осындай елдің ұлы мен қызы болу – әр қазақстандықтың маңдайына жазылған шексіз бақыт.

Адамзат тарихындағы ең айтулы оқиғаларға толы ғасырлар тоғысында елімізді басқару маған үлкен сеніммен қатар зор жауапкершілік жүктелді. Мен өзім басшылық еткен отыз жылға жуық уақыт бойына туған халқымның сенімін ақтау үшін бар күш-жігерімді аянбай жұмсадым.

Ерлік пен елдікті ту еткен, жасампаздықты жалау еткен халқымыздың дербес мемлекет құрғанының отыз жылдық торқалы тойы қарсаңында тәуелсіздіктен тағылым алу үшін бүгін туған халқыммен ой бөлісуді жөн көрдім.

Тәуелсіздіктің мән-мағынасы туралы түрлі ғылым өкілдері өзінше тұжырым жасайтыны анық. Бірақ бір нәрсе ақиқат, ол – ата-бабаларымыздың азаттық жолындағы жан алысып, жан беріскен сан ғасырлық күресінің заңды жалғасы, халықаралық құжаттармен бекітіліп, мәңгілікке берілген сыйы.

Тәуелсіздікке барар қиын жолдардағы сансыз көп шайқастар мен көтерілістерде қаншама қаһарман бабаларымыз шейіт болды. Оларды еске алу, құрметтеу – біздің парызымыз. Сондықтан біз жаңа заманда қантөгіске жол бермей, қасиетті киеміз – тәуелсіздікке сабыр мен төзімділік, ақыл мен парасат арқылы қол жеткіздік.

Мен миллиондаған адамды қанға бөктіріп, қисапсыз мол қиындықтардан тұратын XX ғасырдың ортасында дүниеге келдім. Бірінші дүниежүзілік соғысқа қазақтар қатыспаса да, патшаның 1916 жылғы маусым жарлығымен тыл жұмысы үшін әскерге шақырылды. Отаршыл өкіметтің өктемдігі мен зұлымдығы халықты ашындырып, төзімін тауысты. Сол кездегі Жетісу өлкесінің Қарқара, Қастек, Самсы өңірінде болған ұлт-азаттық көтерілістерге менің ата-бабаларым да қатысты.

Бұдан кейінгі қазақ даласын қанға бөктірген Азамат соғысы да халқымызға қисапсыз мол қасірет әкелді. Ашаршылықтың екі бірдей толқыны – 1921-1922 жыл мен 1930-1932 жылдардағы сұрқия саясат салдарынан орнаған зұлмат кезінде қазақтың тең жартысы қырылды. Ел есін енді жинай бастаған отызыншы жылдар соңында сталиндік қанды репрессия ұлтымыздың сүт бетіне шығар қаймақтарын жалмап кетті, сонымен бірге қатардағы қарапайым азаматтар да қанды қасаптан аман қалмады.

Өрине, мен бұл оқиғалардың бәрін көзіммен көрмесем де, әкем мен анамның өзегін мұң мен зар өртеп, жанарын жасқа шылап отырып айтқан сөздерінен, азаттық жолында шейіт болған аруақтарға арнап, күбірлеп оқыған дұғаларынан естіп-біліп, көкірегіме түйіп өстім. Кейде ойлаймын: қазақ деген не деген төзімді халық?! Көйбеске көніп, шыдамасқа шыдаған. Болашағы бұлдыр болған күннің өзінде сағын сындырмай, келешектен үмітін үзбеген. Қиындық атаулыға қасқая қарсы тұрып, үздіксіз алға жылжыған.

Адамзат тарихына ең қанды қырғын ретінде енген Екінші дүниежүзілік соғыстың құрамдас бөлігі – Ұлы Отан соғысының қаһарлы күндері, бала болсам да, әлі күнге дейін көз алдымнан кетпейді. Сәби кезімді еске алғанда, әр үйден майданға аттанған ағаларым, ер-азаматының орнын жоқтатпай, «Бәрі де жеңіс үшін» деп, бел шешпей еңбек еткен аналарым мен жеңгелерім, қаршадай күнінен өгізге

жегілген соқамен жер жырттып, масақ теріп, еңбекпен көзін ашқан қатарластарым еске түседі. Менің еңбек тақырыбына жиі оралатынымның бір сыры да балалығын соғыс ұрпағын сол ауыр күндерден қалған естелікте болса керек.

Адамды қандай қиындықтан да аман алып шығатын құдірет еңбек екенін мен сәби кезімнен-ақ сезіндім. Кейінгі жастарға үнемі «Еңбек ет, отбасыңды асыра, еліңе қызмет қыл: өзің де табысты болып, Отаныңның да қуаты артады» дейтінім сондықтан.

Соғыстан соңғы кезеңдегі тың игеру, металл қорыту, болат балқыту – халық шаруашылығын қалпына келтірудің дәл ортасында жүрдік. Социализмнің артықшылығын да, кемшілігін де көрдік. Бір

да, ең үлкен бақытым да осы деп санаймын.

Біз, Абай атамыз айтқандай, «ақырын жүріп, анық бастық». Соның арқасында көп салалар мен бағыттар бойынша өзгелерден озып кеттік. Енді осының мәңжайына тереңірек тоқталып, бұрын көп айтыла бермейтін кейбір деректі халықтың назарына ұсынғым келеді.

Кеңес Одағы сынды алып империя өткен ғасырдың 70-жылдары тарихшылар қауымы «тоқырау» деп айдар таққан күрделі кезеңге аяқ басты. Тек жоғары билік бекіткен жоспар мен қосып жазуға негізделген кеңестік экономика, жалаң ой, жадағай пікірлі коммунистік идеология қоғам дамуын тығырыққа тіреді.

Тоқырау кезінде ел экономикасында

«бетбұрыс», тіпті «жеделдету» деп ұрандатып жатқан М.С.Горбачевқа «он екінші бесжылдық тоқыраудың ең нашар дәстүрі негізінде жасалды» деген сөз ұнай қойған жоқ. Тіпті, регламентпен шектегісі келгендей сыңай танытты. Бірақ залдың дүркірете қол соққаны оның мені тоқтатуына мүмкіндік бермеді.

«Шешінген судан тайынбас» дегендей, енді тартынып қалуға болмайтынын сезгендіктен, Қазақстанда қалыптасқан ауыр жағдайды да айтуға тура келді: «Ведомстволық өктемдік әлемдік нарықта зор сұранысқа ие шикізат ресурсына бай республикамыздың өз әлеуметтік дамуында ауыр хәлге түсуіне, экологиялық дағдарыс шегіне келіп тірелуіне әкеп соқтырды. Ыдыс-аяқ дүкеніне кіріп кеткен пілдің кебін

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы

ТӘУЕЛСІЗДІК



сөзбен айтқанда, Кеңес Одағы құрамында болған жетпіс жылдықтың нәтижесі біздің елдің пайдасына шешілген жоқ.

XX ғасыр басында алаш қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы «Әлхамдүллә, алты миллион халықпыз» деген екен. Патшалық Ресейдегі 1913 жылғы ресми санақ бойынша, Дала өлкесінде, Түркістан өлкесіндегі қазақтарды қоспағанда, 5 миллион 597 мың халық тұрған. Демек, Ахаңның айтып отырғаны – күмән келтірмейтін ақиқат. Ал арада жарты ғасырдай уақыт өткенде КСРО-да 1959 жылы өткізілген санақта Қазақстандағы қазақтардың саны 2 миллион 787 мыңға дейін кеміп, республика халқының небәрі 30 пайызы ғана құраған.

Мен 1989 жылы республикамыздың бірінші басшысы болып сайландым. Дәл сол жылы өткізілген КСРО-ның ең соңғы халық санағының деректері бойынша, Қазақстандағы қазақтардың үлес салмағы небәрі 40,1% ғана еді.

Азат еліміздің жастары тәуелсіздікке барар жолдың қандай азапты болғанын, қандай құрбандықтар мен сынқатар – 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс, Азамат соғысы, ашаршылықтың алапат екі толқыны, қуғын-сүргін мен репрессиялар, Ұлы Отан соғысы, тың игеру жылдарындағы жаппай қоныс аударудың зардабы арқылы жеткенімізді білуі керек. Мұның өзі өткен тарихты қастерлеп, одан сабақ алу үшін қажет. Менің «Тәуелсіздік – бабалар қанымен келген киелі құндылық» дейтінім осыдан.

Мен отыз жыл бойы халқымды қанаттыға қастырмай, тұмсықтыға шоқтырмай, қайраңға қалдырмай, әлемдік өркениеттің алдыңғы шебіне, дүниедегі ең дамыған 40 елдің қатарына қостым. Осы жылдар ішінде әлемдік ғылым мен мәдениеттің ең үздік жетістіктерін меңгерген жаңа ұрпақ қалыптасты. Жаңа елордамыз салынды. Ең үлкен табысым

орын алған мүшкіл хәлді Қарағанды облыстық партия комитетінде басшылық қызмет атқарған 70-жылдардың соңында айқын аңғара бастадым. Ал мен Қазақ КСР Үкіметінің басшылығына тағайындалған 80-жылдары жағдай тіпті асқынып тұрған болатын.

М.С.Горбачевтың «қайта құруы» тоқырауға белшесінен батқан қоғамға серпіліс әкеле алмады, керісінше көпсөзділікке, жаппай жарнамалық ұрандарға жол берілді. Экономикалық базис жасалмай, асығыс басталған «бетбұрыс» жылдар бойы қордалаған проблемаларды одан әрі өршітіп, шарықтау шегіне жеткізді.

КСРО-да болған алғашқы демократиялық сайлаудың нәтижесінде іріктелген халық депутаттарының I съезі 1989 жылдың мамыр-маусым айларында өтті. Бұл кезде мен Республика Министрлер Кеңесі төрағасы болатынмын. Алып одақ экономикасында орын алған мүшкіл жағдайды ашық айтуға тура келді.

Кремльдің Съездер сарайының трибунасынан мамырда сөйлеген сөзімді қаз-қалпында келтірер болсақ, онда былай деген екем: «...Қызметтік міндетім бойынша практикалық экономика мәселелерімен айналысып жүрген менің айтарым: біз бүгінде ел экономикасындағы шынайы жағдайды нақты білмейміз. Өздеріңіз ойлап көріңіздер: КСРО Мемлекеттік статистика комитеті деректері бойынша, елдегі азық-түлік өндірісі артқан, бірақ сөрелер бос. Жоспарлар орындалуда, ал экономика ахуалы нашарлап барады. Неге? Мұндай «негелер» тым көбейіп кетті. Түптің түбінде экономикадағы дағдарыстың қаншалықты тереңдеп кеткенін анықтап, оны еңсерудің айқын жолын табуымыз керек-ақ.

Он екінші бесжылдық жоспары тоқыраудың ең тозған дәстүрлері негізінде жасалды».

Өрине, екі күннің бірінде «қайта құру»,

киген министрліктер Аралдың түбіне жетіп тынды. Екібастұз даланы күлге бөктіруде. Мұнай өндіріп жатқандарға оның түк қайыры болмай тұр. Түрлі полигон үшін малшылар өрістерінен айырылды, ал оның өтемі туралы мүлде сөз жоқ».

Сөзімді аяқтап, залға қарасам, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің сол кездегі бірінші хатшысы Г.В.Колбиннің өңі сұп-сұр болып кеткен екен. Бірақ ел мүддесі, халық тағдыры талқыға түскен мұндай сәттерде аянып қалуға болмайтын еді.

Одақтың кетеуі кетіп, іргесі сөгіле бастаған кейінгі екі жыл ішінде қалыптасқан нақты жағдай тіпті ушығып кетті.

Кейін зерттеушілер «егемендік шеруі» деп айдар таққан үдеріске 1989 жылы алдымен Балтық елдері кірісіп, Кавказ елдерінде жалғасты да, артынан бүкіл Кеңес Одағын қамтыды. 1990 жылдың аяғына дейін Одақ құрамындағы 15 республика түгелдей өз егемендігін жариялап үлгергенімен, Эстония, Литва және Латвия елдерінен баста 12 республика әлі Одақ құрамында болатын.

М.С.Горбачев қаншалықты жанталаса қимылдап, Одақты сақтап қалуға әрекет еткенімен, КСРО-ның одан әрі ыдырауын тоқтату мүмкін емес еді. Келесі 1991 жылдың 18–21 тамызында әйгілі «тамыз бүлігі» болды. Бұл Кеңес Одағы басшылығының дәрменсіздігін күллі әлемге танытты. Соның нәтижесінде 1991 жылдың тамыз-желтоқсан айларында қалған республикалар түгелдей өз тәуелсіздігін жария етті.

Саясаттың қызуы көтеріліп, Горбачев пен Ельциннің текетіресі шегіне жетіп, бір кездері темірдей тәртіпке негізделген орталықтағы басшылықтан береке кеткен сол тұста Қазақстан тарапынан жіберілген жалғыз қателіктің өзі орны толмас трагедияға әкеп соқтыруы әбден мүмкін еді.



ТАҒЫЛЫМЫ

Біз ашуды ақылға, асығыстықты сабырға жеңдіріп, үнемі әліптің артын бағып, аңысын аңдумен болдық. Маған батылырақ қимылдау үшін бүкілхалықтық мандат керек еді. Осылайша 1991 жылдың 1 желтоқсанында ел тарихындағы тұңғыш Президенттік сайлау өткізіліп, онда халықтың 98%-дан астамы қолдау білдірді. Бұл маған қанат бітіріп, еркін қимылдауыма жол ашты.

Сайлаудан 2 күн өткенде – 3 желтоқсанда Алматыға М.Хофф бастаған Еуропа Парламентінің үлкен делегациясы келіп, Қазақстанның жаңадан сайланған Президенті ретінде мені ресми сапармен Брюссельге келуге шақырды. Бұл да бізге үлкен демеу, халықаралық деңгейдегі қолдау болды.

Біз тәуелсіздікті жариялауға дайындықтың соңғы, шешуші кезеңіне де келіп жеттік. 8 желтоқсанда Б.Н.Ельцин, Л.М.Кравчук және С.С.Шушкевичтің қатысуымен Белоруссияның Беловежесінде өткен кездесуде Кеңес Одағының «халықаралық құқық пен геосаяси жағдай субъектісі» ретінде өмір сүруін тоқтатқаны туралы мәлімдеме жарияланды. Мен Ельцинмен, Кравчукпен, Шушкевичпен жүздесу үшін шұғыл түрде Мәскеуге ұштым, мұндай кездесу күні бұрын жоспарланған еді, бірақ шақырылған үшеуі де келмей қалып, кездесу болмай қалды.

Бұдан кейін кеңес және шетелдік баспасөз өкілдерімен Мәскеуде өткізген баспасөз мәслихатында: «КСРО құрамына енген барлық республикалардың тәуелсіздігін мойындап, олардың тез арада Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болуына көмектесу керек», – деген пікірімді ортаға салдым.

Желтоқсанның 12-13 жұлдызында Ашхабадта Орталық Азия республикаларының басшыларымен бас қосып, жағдайды саралай келіп, біз Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына тең құқылы мүше болуға әзір екендігіміз жөнінде ортақ мәлімдеме жасадық. Ертеңінде көптен күткен күн туып, Жоғарғы Кеңестің 1991 жылғы 14 желтоқсанында өткен 12-шақырылған 7-сессиясының талқылауына «Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заң шығарылды.

Еліміздің жетекші заңгерлерінің қатысуымен алдын ала сараланып, сараптамадан өткізіліп, қапсыз дайындалған заң бірден-ақ мақұлдануға тиіс болатын. Оның үстіне, өзге республикалар мұндай заңдарын әлдеқашан қабылдап қойған. Бірақ жағдай біз күткеннен басқашалау болып шықты.

Жоғарғы Кеңес залында вице-президент Е.М.Асанбаев қатысып отырғанымен, мен талқылауды кабинетімдегі байланыс арқылы жіті бақылап отырдым. Әлі есімде, күн тәртібі жария етілісімен-ақ бір депутат: «Біз кімнен және неден тәуелсіздік алғалы отырмыз?! Өзіміз 70 жыл бойы сөгіп келе жатқан Ресей империясы үлгісімен енді қазақ империясын құруға ұмтылып жат-



қан жоқпыз ба осы?», – деп арандатушылық пиғылдағы сұрағын бастап кетті.

Көп ұзамай тағы бір депутат оны қостай түсіп: «Біз тәуелсіз мемлекет жариялау мәселесін талқылаудамыз. Ертең таңертең 17 миллион халықтың тең жарымы – орыстілді қауым бөтен мемлекеттің азаматтары болып шыға келмек. Жолдастар, бұлай етуге болмайды ғой!», – деді.

Ал енді бір «халыққалаулысының»: «Тек қазақ қана Қазақ КСР-інің немесе Қазақстан Республикасының Президенті бола алатыны жөніндегі ұсынысты маған қатысты алғанда азаматтық теңқұқылыққа жасалған қиянат деуге бола ма, жоқ па?», – деген сұрағына орай депутат С.Сартаев оған қазақ елінің Президенті «мемлекеттік тілді және ұлтаралық келісім тілін қатар меңгерген адам» бола алатыны жөнінде заңда тайға таңба басқандай жазулы екенін ескертті.

Мен әдейі, этика сақтап және ол уақыттың алыста қалғанына, заман-төреші бәрін әлдеқашан өз орнына келтіргеніне байланысты қазір олардың атын атап, түсін түстеуді жөн көрмедім.

Әрине, олардың мұндай «батыл» сөйлеуінің ар жағында қолтығына су бүркетін сыртқы күштердің бар екенін де бірден аңғардым. Бірақ маған қателесуге де, ашуға бой алдыруға да болмайтын еді. Сол кездегі Жоғарғы Кеңес депутаттары, ел ағалары, белгілі заңгер, ғылым қайраткерлері С.Зиманов, С.Сартаев, Ә.Кекілбаев, М.Қозыбаев, Ө.Жолдасбеков, т.б. депутаттардың орнықты, дәлелді жауаптарына қарамастан, заң жобасын екі күн бойы талқылаған депутаттар ортақ мәмілеге келе алмады.

Талқылау әбден тығырыққа тірелген кезде 16 желтоқсан күні түстен кейін мен Жоғарғы Кеңеске келіп, депутаттарға мәнжайды өзім түсіндіріп, олардың бұл шешімін бүкіл Қазақстан халқы, күллі әлем жұрты күтіп отырғанын былайша жеткіздім: «Бұл заңды қабылдауымыз

керек, өйткені жалғыз біз ғана қалдық. Көпұлтты Қазақстан халқының алдында біздің арымыз таза. Бұл – барлығы әр сөзіне үңіле отырып оқитын маңызды заң. Менің сайлауалды бағдарламам, біз шешкелі отырған барлық мәселелердің түйіні – осы. Басты мәселе – мемлекеттік тәуелсіздік мәселесі. Артық шүйлігудің, ешқандай мән-маңызы жоқ сөздерді қосудың қажеті жоқ. Занды осы күйінде басым көпшілік дауыс арқылы қабылдау керек деп санаймын. Баршаңыздан осыған бейілділік білдірулеріңізді сұраймын».

Осы сөзден кейін қарсы сөйлеген депутаттардың біразы сабасына түсіп, заң жобасы көпшілік дауыспен қабылданды. Бұл бәріміз көптен күткен айшықты мезет, тарихи оқиға еді. Тәуелсіздік бізге оңайлықпен келген жоқ. Алдын ала ойластырумен, зор ұйымдастырушылықпен, қапсыз дайындықпен жүзеге асты.

Біз тәуелсіздікке бейбіт жолмен қол жеткізсек те, оған барар жолда бабалар қаны аз төгілген жоқ. Тәуелсіздік сол киелі қанның өтеуі еді. Мен мұның бәрін біз сенген, тәрбиелеген бүгінгі жас ұрпақ білсін, санасына сіңірсін деп әдейі жазып отырмын.

Тәуелсіздікті жариялау оңай емес, оны бүкіл әлемге мойындату одан да қиын еді. Мен Қазақстан тәуелсіздігінің осындай биік деңгейде мойындалуын да алдын ала ойластырып қойған едім.

Бірнеше ай бұрын дипломатиялық арналар арқылы келісудің нәтижесінде Қазақстан тәуелсіздігін жариялаған күннің ертеңінде елімізге ресми сапармен АҚШ-тың мемлекеттік хатшысы Дж.Бейкердің өзі келді. Бұл оның Қазақстанға екінші сапары болатын. Осы уақыт ішінде екеуміз өзара сенімге негізделген достық қатынас орнатып үлгерген едік. АҚШ-тың сыртқы саясатына жауапты тұлға Қазақстанды тұңғыш Президент сайлауымен, тәуелсіздік жариялауымен шын жүректен құттықтады. Бұл ақпаратты онымен бірге келген шетелдік журналистер қауымы

АҚШ пен Батыс елдеріне сол сәтте-ақ таратып жіберді.

Оқиғалар ағыны қарқын ала түсті. Экономикалық ынтымақтастықты сақтау үшін 21 желтоқсан күні Ресей, Украина, Беларусь, Өзбекстан, Түркіменстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Өзербайжан, Армения, Молдова және Қазақстан президенттері бас қосқан кездесуде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құру жөнінде келісімге қол қойылды. Саммит Қазақстан тарапының бастамасымен Алматыда өтті. Бұл бір кездері «КСРО құрамына енген республикалардың ендігі тағдыры қалай болады, кімнің жетегінде кетуі мүмкін?» деген әлем мемлекеттерінің алаңдаушылығын сап тыйып, Достастық мемлекеттерінің бірлестігі пайда болды.

Тәуелсіздік осындай «тар жол, тайғақ кешулер» мен «соқтықпалы, соқпақты замандардан» аман өтіп, өзінің арналы жолын тапты.

Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап біз береке-бірлікке, ынтымаққа, ұлтаралық татулық пен дінаралық келісімге негізделген саясатты жүзеге асырдық. Бұл елімізді үздіксіз өсу мен өркендеуге бастады. Осының қадірін білуіміз керек. «Бірлігі бар ел озады», – дейді дана халқымыз.

Біз дамудың даңғыл жолына түскенде өзіміз сияқты тәуелсіздігін жариялаған Грузия, Өзербайжан, Армения мемлекеттерінде, өкінішке қарай, соғыс өрті тұтанып, Приднестровье Молдовадан бөлініп кетті. Тәжікстанда азамат соғысы өршіп, бауырлас қырғыз елінде дүркін-дүркін дүмпулер мен қақтығыстар орын алып, сол жылдары басталған келіспеушіліктер әлі күнге дейін жалғасып, елдің берекесін алып қана қойған жоқ, экономикасын да тұралатып, жылдар бойы алға дамуын тежеді. Украинаның оңтүстік-шығысындағы осы күнгі жанжалдың төркіні де тоқсаныншы жылдардан келе жатқан алауыздықтардан басталды.

Ынтымағы жарасқан елдің табысы тасып, абыройы асады. Берекесі қашқан елдің қуаты кеміп, құты қашады. Отыз жыл ішінде біз ғасырларға бергісіз даму жолынан өттік. Ауыз толтырып айтар табыстарымыз да аз емес.

Тәуелсіздік жариялаған соң жүйелі саяси реформаны қолға алдық. Осыдан жиырма бес жыл бұрын бүгінгі барлық жетістіктерімізге берік заңнамалық іргетас болып қаланған Ата заңымыз – жаңа Конституциямызды қабылдадық. Бүкіл халық болып талқылаған бұл құжат ел даналығы мен ынтымағының, береке-бірліктің іргетасына айналды.

Дүниеде экономикалық даму мен демократияның алуан формасы болса да, оның дәл сол күйінде көшіріп ала қоятын ортақ үлгісі жоқ. Біз әлемдік тәжірибені қорытып, өз ерекшеліктеріміз бен мүмкіндіктерімізді ескеріп «Қазақстан–2030» стратегиясын түздік. Онда белгіленген межелі көрсеткіштерді мерзімінен бұрын орындаған соң халықтың қолдауын тапқан «Қазақстан–2050» бағдарламасын жасадық. Әлемдік саясаткерлер мен сарапшылар «Қазақстан жолы» деп жоғары баға берген ұлт дамуының даңғыл жолының өзегін дәл осы қос стратегия құрайды.

(Жалғасы 4-бетте)



Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы

ТӘУЕЛСІЗДІК ТАҒЫЛЫМЫ



(Басы 1-3-беттерде)

Біздің жұрт – тамырын жеті қат жер астына жіберген алып бөйтеректей өзінің күш-қуатын ғасырлар бойы Ұлы дала төсінен алған байырғы халық. Бабаларымыз бізге мұра қылып ұлан-ғайыр жер қалдырды. Бірақ ол кешегі патша заманында да, Кеңес Одағы тұсында да халықаралық құжаттармен ресімделмеді.

Жалпы ұзындығы 14 мың шақырымдық біздің шекарамыздың барлық бойлығына қатысты сындарлы келіссөздер үдерісін ұйымдастыру оңай міндет болған жоқ. Бұған басшылығы алғашқы күндерден-ақ біздің тәуелсіздігімізге, сондай-ақ шекарамызды нақтылау ісіне қолдау білдірген екі ұлы көршіміздің – Ресей мен Қытайдың арқасында қол жеткізілгенін айта кетуім керек. Сөйтіп, Қазақстанның Ресей Федерациясымен арадағы ұзындығы 7500 шақырым болатын ортақ шекарасы достық пен сенім белдеуіне айналды. ҚХР-мен шектес 1700 шақырымдық шекарамыз бойынша да тарихи уағдаластыққа қол жеткізілді. Бұл жайт шекара мәселесі бойынша өзге де көршілес елдердің сындарлы ұстанымда болуына септігін тигізді.

Біз Ресейдің және оның президенті В.В.Путиннің, Қытай басшылығының тарихымыздағы сол маңызды сәтте көрсеткен қолдауының әрдайым қадірін біліп, ризашылықпен есте ұстауға тиіспіз.

Келіссөз барысында өзара түсіністік пен тараптардың мүддесіне деген құрмет ахуалын қалыптастыра отырып, біз жүйелі түрде халықаралық келісім-шарттар жасасып, мемлекеттік шекарамызды түпкілікті айқындап алдық. Солайша, бабалар аманатын орындау үшін және күндердің күнінде өз ұрпағымыздың алдынан бұдан да ауыр қиындықтар шықпауы үшін түйткілдер мен кедергілердің бәрін еңсеріп, қолға алынған істі ақырына дейін жеткіздік.

Жер дегеннен шығады. Кеңес Одағы тұсында қазақтың ұлан-байтақ жерінің әр тұсы жантүршігерлік атом жарылыстары жасалған түрлі әскери полигондар мен базаларға, зертханаларға айналды. Тек бір ғана Семей полигонында 456 ядролық, термоядролық жарылыс жасалды. Оның 116-сы ашық атмосферада жарылып, халқымызға орасан зор зиянды зардаптар әкелді. Қазақстан ғалымдарының есебінше, Семей полигонында жарылған атом бомбасының жалпы қуаты Хиросимаға тасталған бомбадан екі жарым мың есе артық екен. Мен осы тажал полигонын 1991 жылдың 29 тамызында жаптым.

Қазақстан тәуелсіздік алғанда біздің аумағымызда континентаралық баллистикалық ракеталарға арналған 1216 ядролық оқтұмсық болды. Бұл әлемдегі төртінші ядролық әлеует еді.

Біз атом қаруынан өз еркімізбен бас тартып, бүкіләлемдік ядролық қарусыздану көшін бастадық. Бұл – Қазақстанның жаһандық бейбітшілікті сақтауға қосқан теңдессіз үлесі.

Тәуелсіздігімізді жариялағанда біздің өз валютамыз да жоқ еді. Әлемдік қаржы нарығын мұқият зерттей келіп, ұлттық теңгемізді де дер кезінде айналымға енгіздік.

«Қамданған қапы қалмайды» дейді халқымыз. Ертенің ойлаған ел ғана озады. Болашақ ұрпағымыз ештеңеден тарылмауы үшін Ұлттық қор мен алтын-валюта қорын жасақтап, оған мол қаржы жинақтадық. Дәл осы мол қаражат пандемия кезінде бізге көмек болды.

Біздің еншімізге тарихымызда өз ақымдылығы мен қиындығы жөнінен бұрын-соңды болып көрмеген жобаны жүзеге асыру – Сарыарқаның төріне, ерке Есілдің бойына ел қондырып, жаңа да әсем елорда салу мәртебесі бұйырды.

Астананың қарыштап дамуы еліміздің өзге өңірлерінің өркендеп өсуіне серпін берді. Шымкент халқының саны миллионнан асқан республикалық дербес үшінші қала қатарына қосылды. Екі мың жылдық



тарихы бар көне Түркістан кейінгі екі жылдың ішінде айтарлықтай өзгеріп, әсем шаһарлардың біріне айналды. Еліміздің өзге өңірлері мен ірі қалаларын да дәл осындай болашақ күтіп тұр деп нық сеніммен айта аламын.

Егемендіктің елең-алаңында-ақ мен Қазақстанға экономикалық жаңғыру, инфрақұрылымды жаңарту және шикізатқа тәуелділіктен құтылу қажет екенін түсіндім. Бірақ тек үшінші онжылдықтың басына қарай, ресурс пен тәжірибе жинақтаған соң ғана біз бұл қиын істі жүзеге асыра алдық.

Біз индустрияландыруға және өз өнеркәсіп базамызды дамытуға иек арттық. Сол мақсатпен Индустриялық-инновациялық дамудың үш бағдарламасы қабылданды, 9 триллион теңге сомасындағы 1500 жоба енгізілді. Қазақстан бұрын өндірілмеген өнімдер – электровоз, автобус, автомобиль, теміржол вагондары, трансформаторлар және басқа да 500-ден астам өнім түрін шығара бастады.

Жолдар мемлекеттің көлік саласының қан тамыры қызметін атқаратыны белгілі. Небәрі 10 жыл ішінде біз 14 мың шақырым автомобиль жолын және 2,5 мың шақырым теміржол салдық, ірі әуежайлардың бәрін, теңіз бен құрлық порттарын қайта жаңғырттық. Соның нәтижесінде теңізге шығатын жолы болмаған Қазақстан Еуропа елдеріне, Парсы шығанағына, Үнді, Атлант және Тынық мұхитқа тікелей шығу мүмкіндігіне қол жеткізді және еуразиялық трансконтинентальды көлік көпіріне айналды.

Тәуелсіз еліміздің басты байлығы – адам. Мемлекетіміздің тірегі де, алтын дінгеі де – Қазақстан халқы. Мен бойымдағы қуат, қызметімдегі тәжірибе, ойымдағы нәр – бәрі-бәрін халқыма қызмет етуге жұмсап келемін.

Сол үшін тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бері тағдыр талайымен дүниенің төрт бұрышына тарыдай шашылған миллионнан астам қандастарымызды атамекенге алдырдым. Бұл айтар ауызға ғана оңай. Жер бетінде халқының саны миллионға жетпейтін қаншама мемлекет бар. Біз осыншама қандастарымызды шет елдерден алдырып қана қоймай, басына – баспана, өзіне – жұмыс, ұрпағына білім бердік. Бұл іс әлі де жалғасын таба береді. Осының бәрі тәуелсіздіктің арқасында ғана мүмкін болғанын ұмытпауымыз керек.

Еліміз тәуелсіздіктің отыз жылы ішінде көптеген қиындықты еңсеріп, ұлан-ғайыр табыстарға қол жеткізді. Алда алар асуларымыз бен бағындырар биіктеріміз де, ықтимал сын-қатерлер де аз емес.

Міне, екі жылдан бері дүние жүзі алаң күй кешуде. Коронавирус дертінен туындаған пандемия әлемдік экономиканы ғана емес, өндіріс пен еңбекті ұйымдастыруды,

ғылым мен технология дамуын, жалпы адамның ойлау жүйесін айтарлықтай өзгертті. Ең алдымен, адамзатқа ортақ індет даму деңгейіне қарамастан ел мен елдің экономикасы мен технологиясын жакындастырып, бір-бірімен ынтымақтастыра бастады. Соның негізінде жаңа жаһандық экономикалық парадигма қалыптасты.

Жақында Нобель сыйлығының түрлі ғылым саласындағы лауреаттарының үлкен бір шоғыры «Біздің ғаламшар, біздің болашағымыз» саммитінің қорытындысы бойынша әлем мемлекеттеріне үндеу жасап, пандемия адамзат дамуына Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі ең үлкен апат болып енгендігін атап көрсетіп, онымен бүкіл дүние жүзі бірлесе күресуі керектігін алға тартты. Олар: «Егер осы бесжылдықта трансформациялық шаралар қабылданбаса, адамзаттың болашағына ауыр қатер төнетін болады... Қоғамның ең кедей және маргиналданған топтары мейлінше әлсіз жіктер күйінде қала береді», – деді.

Бұл менің осыдан тура 30 жылдай бұрын, 1992 жылдың 5 қазанында, Біріккен Ұлттар Ұйымының мінбесінен айтқан ұсыныстарыммен астасып жатыр. Біз сол кезеңнің өзінде әлемнің ең бай мемлекеттерінің әскери-соғыс мақсатына қарастыратын шығындарының 1%-ын бөлу арқылы адамзатқа айтып келмейтін, төтенше апаттарға қарсы күресудің халықаралық қорын жасауды ұсынған едік. Өңгіме ол кезде БҰҰ-ның бітімгершілік күштері туралы болған еді, бірақ біріншіден, маңыздысы идея және ұжымдық әрекет-тестіктің тетігі болатын, екіншіден, түрлі елдерде тәулік сайын жүздеген-мыңдаған адамды баудай түсіріп жатқан пандемияның соғыстан несі кем?

Егер дәл сол кезде мен ұсынғандай қор жасалған болса, қазіргі пандемия жағдайында кедей мемлекеттерге коронавируспен күресуге және оның зиянды зардаптарын жоюға бағытталған шараларды ұйымдастыруға мол мүмкіндік туған болар еді.

Пандемия әлемді жаңа күшке, жетекші тенденциялар мен алдағы қауіп-қатерлерге негізделген жаңа геосаяси трансформацияға бастады. Тұтқиылдан келген індетке қарсы күресте жұртқа ақпарат пен сандық жүйеге негізделген жаңа технология көмек қолын созды. Бұл еңбек нарығына айтарлықтай жаңа өзгерістер әкелді.

Экономика бойынша Нобель сыйлығының лауреаты Кристофер Писсаридес төртінші индустриялық революция барысында роботтар біртіндеп адамдар қызмет ететін мамандықтардың басым көпшілігін алмастыратын болады деген болжам жасаған еді. Сол болжам енді келді. Жаһандық технологияландыру нәтижесінде қазірдің өзінде ақпараттық технология, робот

техникасы, синтетикалық биология, бионика, нанотехнология, жасанды интеллект саласында бұрын санаға да сыймайтын революциялық өзгерістер орын алып жатыр. Әлемде биоинженер, робот техникасы инженері, киберқауіпсіздік маманы, нейромаркетолог, космобиолог, урбанист-эколог, биофармаколог, агрокибернетик, метеоэнергетик сияқты жаңа мамандықтарға сұраныстар барған сайын арта түсуде.

Біз кезінде «ЕХРО–2017» көрмесін өткізіп, жасыл энергетикаға көшудің кешенді бағдарламасын қабылдадық. Бүгінде бүкіл әлем баламалық энергетиканы – жел энергиясы, гелиоэнергетика, гидроэнергетика, биоэнергетика, геотермалды энергетика салаларын қарқынды дамыту үстінде. Осы үдерістен қалмауымыз керек.

Жаһандық жаңа трендтердің қатарында болу үшін біз «Болашақ» бағдарламасын жасап, жастарымызды әлемнің ең үздік университеттерінде оқыттық. Ал қаражат жеткіліксіз болған өткен ғасырдың 90-жылдары біз студенттердің оқу ақысын, жүріп-тұруы мен күнкорісін төлеп бердік. Осы уақытқа дейін ел игілігі үшін 15 мыңнан астам маман даярланды. Олар өз Отанының қамқорлығын сезініп, елге қызмет етіп, біздің үмітімізді ақтайды деп сенемін.

Кейіннен әлемдік деңгейдегі жоғары оқу орны – Назарбаев университеті, Назарбаев зияткерлік мектептері желісі, ақпараттық технологиялар саласындағы стартаптарға арналған «Астана-хаб» халықаралық технопарк ашылды. Біздің жастар осындай ілгерішіл өзгерістердің көш басында болуы қажет.

Осыдан екі жарым жыл бұрын елімізде президенттік билік ауысты. Маған: «Ата заңымызда Сізге ешқандай шектеулілік жоқ. Соңғы сайлауда халықтың 98%-ына жуығының қолдауына ие болдыңыз. Қызметіңізді атқара беріңіз», – деушілер аз болған жоқ. Бірақ әр нәрсе өз ретімен болуы керек.

Отыз жылға жуық ел басқарған кезімде мен жанымға қаншама азаматты серік етіп, көптеген шәкірт тәрбиеледім. Солардың ішінде Үкімет басқарған, Біріккен Ұлттар Ұйымы бас хатшысының орынбасары ретінде жаһандық саясатқа жетіктігін танытқан, **тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап қасымнан табылған нағыз патриот, жоғары білікті кәсіпқой тұлға Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевты Президенттік қызметке ұсындым.** Сайлауда халықтың басым көпшілігі оны қолдады. Осылайша біз халқымыздың ауызбірлігін, саясаттағы сабақтастығымызды күллі әлем қоғамдастығына тағы бір қырынан таныта білдік.

Халықтан кім асырып айтқан?! «Діірменнің тасындай дөңгелеген дүние» бір орнында тұрмайтыны белгілі. Президент ауысады, бірақ Тәуелсіздік мәңгілік болуы керек. Әр қазақстандық алдағы уақытта оның тұғырын нықтап, еңсесін тіктеп, абыройын асыруға қызмет етуге тиіс. «Мәңгілік ел» идеясының түпкі мақсаты осында. **Ең бастысы – еліміз аман, ұрпағымыз азат. Біз алақанға салып өсірген сол азат ұрпақ ендігі жерде «Мен Қазақстаныма не беремін?» дегенді ойлауы керек.**

Біз өзіміздің толағай табыстарымыз арқылы тәуелсіздікке сенбегендерді иландырдық, көнбегендерді қатарымызға тарттық, әлем мойындаған абыройлы мемлекетке айналдық.

Тәуелсіздік те бақыт сияқты, бағалаған адамның, аялаған қоғамның қолына тұрақтайды. Халқы тату, экономикасы қуатты, саяси жүйесі тұрақты, мәртебесі биік, абыройы асқақ Қазақстанның болашағы кешегіден кемел, бүгінгіден нұрлы екендігіне кәміл сенемін.

Тәуелсіздікке берік іргетас болып қаланған бабаларымыздың асыл мұраты – ерлік пен елдігімізден күш-қуат алып, әрдайым алға баса берейік, ағайын!



ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

БАҚ өкілдері марапатталды



Мегаполисте Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері арасындағы байқаудың қорытындысы шығарылып, әріптестеріміз Олжас Жолдыбай мен Қайрат Қонысбай жеңімпаз атанды.



Ақтолық тұрлығызы

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров іс-шараны аша отырып, Алматыда ел бойынша ең үлкен журналистік пулдың бар екенін атап өтті. Жаңалықтардың көп бөлігі мегаполисте жасалады, ал оның маңызды бөлігі – қала жаңалықтары екендігін ерекше атап өтті.

«Біздің байқауымыздың басты тақырыбы – Алматының жетістіктері, осы 30 жыл ішінде қаламыз қалай өзгерді, Алматы аумағы жағынан ғана емес, сапасы жағынан да өсті. Бізде ең дарынды адамдар, ең дамыған бизнес сектор, бізде жастар қаласы, жоғары оқу орындарының қаласы, экономика қарқынды дамып келе жатқан қала бар.

Жалпы ел өміріндегі әрбір белес сіздердің назарларыңыздан тыс қалған емес. Қалам мен микрофонның құдіреті халқымызды тың белестерге жетелеуде. Қиындығы мол, ел басына сын түскен жылдарда жағдайдың күрделі екенін сезінумен қатар, адамдарға қиындықтан шығу жолдарын түсіндірдіңіздер», – дей келе, БАҚ өкілдерін келе жатқан Тәуелсіздік күнімен құттықтап, қала тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсарту бойынша Алматы әкімдігінің жұмысын түсіндіруге және жариялауға қосқан үлесі үшін алғысын білдірді.

Алматы әкімдігі бүкіл журналистік корпусы каланың дамуы мен қалыптасуындағы нақты серіктес ретінде қарастырады. Әкімдік жыл басынан бері 300-ден астам баспасөз конференциясын өткізді. Спикерлерге 3 мыңға жуық сұрақ қойылды. Барлығы бірлескен жұмыстың арқасында БАҚ-та 8,5 мыңға жуық материал және 350-ден астам сюжет жарияланды. Сарапшылар комиссиясы алматылықтар мен қаланың еліміздің жалпы дамуына қосқан үлесін баяндайтын журналистердің жұмысын атап өтті.

«Бас ауырғанда – дәрігерге қараламын. Жан ауырған кезде журналистке жүгінемін. Кез келген уақытта, кез келген ауа райында адамның шақыруына баратын да сіздерсіздер, қуанышты немесе ащы



шындықтың адамға әсері зор. Тек барынша адал әрі әділ, жүрегі кең журналист қана адамның басындағы қайғы мен қуанышты шынайы сезіне алады. Бұлар нағыз журналистер», – деді комиссия төрағасы, профессор, академик, Журналистика Академиясының президенті Сағымбай Қозыбаев.

Алматы қаласы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаменті басшысының бірінші орынбасары Данияр Таумұрат марапаттарды табыс ете отырып, бұқаралық ақпарат құралдарының Алматы халқында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудағы ерекше маңыздылығын атап өтті. Бұл жұмыста азаматтық сектормен, ҮЕҰ-мен, БАҚ-пен өзара іс-қимыл жасау маңызды рөл атқаратынын атап өтті.

Конкурстық сараптау комиссиясының құрамына Қазақстан Журналистика Академиясының академигі Валерий Жандәулетов, Қоғамдық кеңестің мүшесі, тәуелсіз журналист Сергей Пономарев, Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының басшысы Диас Есдәулетов кірді.

Байқау қорытындысы бойынша БАҚ-тың 20 өкілінің жұмысы атап өтілді. Оның ішінде «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің қалыптасуы мен нығаюындағы Алматы мен алматылықтардың жетістіктері мен ролі» номинациясында – үздік сараптамалық материал жазғаны үшін біздің әріптестеріміз «Almaty aqshamy» газетінің тілшісі Олжас Жолдыбай, Алматыдағы әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту және абаттандыру саласындағы өзгерістерге арналған үздік материалы үшін «Вечерний Almaty» газетінің фототілшісі Қайрат Қонысбай жеңімпаз атанды.



ЖЕДЕЛХАТ

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығымен құттықтады

Америка Құрама Штаттарының Президенті Джооз Байден Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына орай Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың атына құттықтау жеделхатын жолдады.

Бұл туралы ҚР СІМ баспасөз қызметі хабарлады. «Қазақстанның Орталық Азияда мен бүкіләлемдік бейбітшілік, тұрақтылық пен гүлденуді сақтау жолында көш бастап келе жатқанының 30 жылдық мерейтойы қарсаңындағы қуаныштыңызға ортақпын», – деп жазды америкалық көшбасшы.

Оның пікірініше, алдағы уақыттағы ықпалдастық екі елдің халықтары үшін жаңа жаһандық сын-қатерлерді еңсеруге мүмкіндік береді. Осы орайда, ол Орталық және Оңтүстік Азия өңірлеріндегі өзара байланыстар мен экономикалық өсуге ықпал ету бойынша Қазақстанның орасан зор күш-жігерін жоғары бағалады.

«Америка Құрама Штаттары Қазақстанмен кеңейтілген стратегиялық серіктестікті және өңірлік тұрақтылықты ілгерілету, климаттық



дағдарысты шешу, демократиялық институттардың тиімділігін арттыру мен адам құқықтарын құрметтеуді дамыту бойынша ынтымақтасуға ниетті», – деп мәлімдеді АҚШ Президенті.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ҚҰҚЫҚ

Сыбайлас жемқорлықсыз қоғам

Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күні қарсаңында Алматыда «Тәуелсіздіктің 30 жылдығы: сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың қалыптасуы» атты конференция өтті.

Іс-шара қаланың Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі, Алматы қаласы әкімдігі, Nur Otan партиясы, «Атамекен» ҰКП өкілдерінің, сондай-ақ үкіметтік емес ұйымдар мен қоғам қайраткерлерінің қатысуымен өтті.

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров конференцияға қатысушыларға арнаған сөзінде белсенді азаматтық қоғамдастықсыз сыбайлас жемқорлықты барынша азайту, жою туралы айтудың мағынасы жоқ екенін атап өтті. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы табысты іс-қимыл мемлекеттік органдар мен қоғамның бірлескен күш-жігерінің арқасында ғана мүмкін болады», – деді Е.Бабақұмаров.

Конференция барысында Алматыда 2021 жылғы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жұмыс талқыланды және қорытындыланды. Алматы қаласы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің басшысы Мұрат Ахметов сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілікті қалыптас-

тыру және қоғам арасында парасаттылық, адалдық және әділдік мәдениетін ілгерілету – бүгінде ең маңызды міндеттердің бірі екенін атап өтті. «Сондай-ақ, осы мақсатқа жету үшін азаматтық қоғамның қатысуы қажет екенін түсіну өте маңызды», – деді М.Ахметов.

Конференция аясында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға үлес қосқан қаланың қоғам қайраткерлерін марапаттау рәсімі өтті. Алматы қаласы әкімінің атынан грамоталарды қала әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасының атынан Алматы қаласының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің басшысы М.Ахметов тапсырды. Е.Бабақұмаров сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жұмысында азаматтық қоғам мен мемлекеттік органдардың күш-жігерін біріктіру қажеттігін атап өтті. «Бүгінгі күні біздер үшін қоғам қайраткерлерінің ролі өте маңызды, өйткені олар

қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік, парасаттылық, адалдық және әділдік мәдениетін таратуға және қалыптастыруға өз үлестерін қосуда», – деп атап өтті Е.Бабақұмаров. Өз кезегінде, М.Ахметов сыбайлас жемқорлық күрделі әлеуметтік, саяси және экономикалық құбылыс екенін, ол қандай да бір дәрежеде барлығына әсер ететінін айтты.

«Саналы ұрпақ» жобалық кеңсесі 2018 жылдан бастап жұмыс істеп келе жатыр. Жобалық кеңсенің басты мақсаты – білім беру жүйесінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, сана-сезімді, парасаттылық қағидаларын қалыптастыру», – деді «Саналы ұрпақ» жобалық кеңсесінің үйлестірушісі Қарлығаш Үсейінова. Әділдік мәдениеттің қалыптасуында қоғам белсенділерінің ролі зор. Сол себепті, шара соңында Almaty TV телеарнасының бас директоры Н.Мұхамеджанова, «Қазақфильм» АҚ президенті А.Сатаев, «Алматы – Адалдық алаңы» жобалық кеңсесінің басшысы А.Сәбитова, «Sanaly Utraq» республикалық жобалық кеңсесінің басшысы Қ.Тоқушев және басқа да жұртшылық өкілдері ерекше үлесі мен белсенді қызметі үшін Алғыс хаттармен марапатталды.

А.ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.

ІС-ШАРА

Жаңа ғибадатхана

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров Қазақстан Православ шіркеуінің басшысын жаңа ғибадатхананың ашылуымен құттықтады



Рая ЕСКЕНДІР

Ғибадатхананың ашылуына Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров, Ресейдің Алматыдағы Бас консулы Евгений Бобров және православ дін өкілдері қатысты.

Өз сөзінде Ержан Бабақұмаров жана Православие шіркеуі қоғамдағы конфессияаралық, бейбітшілік пен тұрақтылықты нығайтуда және дамытуда маңызды рөл атқаратынын атап өтті. Жаңа ғибадатхананың ашылуы бұған ықпал етеді.

Қала әкімінің орынбасары Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаевтың Қазақстан Православ шіркеуінің басшысын құттықтаған хатын оқып берді: «Қазақстан қоғамы үшін православтық христиандық дәстүрлі діндердің бірі болып табылады. Және қоғамның мәдени-тарихи дамуына үлкен үлесін қосады. Александр Невский ғибадатханасы – Алматы қаласындағы аса маңызды ағартушылық және мәдени орталықтың бірі, сонымен қатар, адамдарды дәстүрлі рухани-адамгершілік құндылықтарға баулитын орын», – делінген құттықтауда.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙ.

Астана және Қазақстан митрополиті Александр ғибадатхананы «халықтың құрылысы» деп бағалап, оның құрылысына үлес қосқандардың барлығына алғысын білдірді.

Алматыдағы Ресейдің Бас консулы Е.Бобров айтулы оқиғаны Қазақстан мен Ресей арасындағы мызғымас достықтың белгісі екенін атап өтіп, Ресейдің Қазақстандағы Елшісі А.Бородавкиннің ресми құттықтауын оқыды.



ЖАМБЫЛ – 175

Ұлт руханиятындағы ұлы тұлға

Ақтоқын
ТҰРЛЫҒАЗЫ

Жамбыл Жабаевтың 175 жылдық мерейтойы Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрының сахнасында өз мәресіне жетті.

Жиынға Қырғыз Республикасының жоғары мәртебелі делегациясы, мәдениет және өнер қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері қатысты. Шара барысында Елбасы Н.Назарбаев пен Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың ұлт руханиятының алыбы Ж.Жабаевтың 175 жылдық мерейтойына орай жолдаған құттықтау хатын Мемлекеттік хатшы Қырымбек Көшербаев оқып берді.

Мемлекеттік хатшы Тәуелсіздіктің 30 жылдығымен тұспа-тұс тойланған ұлы ақын мерейтойының символдық мәніне тоқталды. Жыл бойы республика көлемінде және одан тыс жерде атқарылған іргелі шараларға есеп берді. «Жамбыл Жабаевтың мерейтойы қазақ халқының ғана емес, тұтас түркі әлемінің ортақ ұлы тойы десек, артық айтқандық емес. Ақынның он томдық шығармалар жинағы басылып, кітапханаға таратылды. Бұған қоса, Жамбылдың 3 томдық толық академиялық жинағы жарық көрді. «Жамбыл әлемі» сериясымен 30 томдығы дайындалып, ақынның музей-үйінде тұсаукесер рәсімі өтті. Сондай-ақ, алып ақынның шығармалары шет тіліне аударылып, кеңінен насихатталды», – дейді Қырымбек Елеуұлы.

Сондай-ақ, Жамбылдың жыр жинағы Бішкек қаласында қырғыз тілінде басылып шыққан. Еліміздің барлық театрла-



рында ақын туралы көркем туындылар сахналанып, кездесулер, ақындар айтысы ұйымдастырылған. Мерейтойға орай өткен мәдени жиынның ресми бөлімі аяқталған соң кеш қонақтары Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театры дайындаған «Жамбыл жырау» спектаклінің премьерасын тамашалады. Опералық труппаның белгілі солистері орындаған ариялардың музыкасын композитор Әлқуат Қазақбаев жазған. Қоюшы режиссері – Диана Акимбаева, қойылымға Қуаныш Исмаилов дирижерлік жасады. Театрдың әр буындағы әртістері толық қамтылған кең ауқымды қойылым фольклорлық дәстүр сахналарымен орайластыра мазмұнды декорация құрып, театр технологиясының мүмкіндігімен көркем безендірілді. Жамбыл, Сүйінбай, Токтағұл, Тілмаш,

Бұрым – негізгі бес кейіпкердің образына құрылған опера оқиға көптің көңілінен шықты. Төлеген Рахымбаев – Тілмаш, Зарина Алтынбаева – Бұрым, Бекзат Абитов – Сүйінбай образдарында көрініп, елді тәнті етті. Композитор Әлқуат Қазақбаевтың айтуынша, «ауылы аралас, қойы қоралас жатқан қазақ пен қырғыз арасындағы мамыражай тіршілікті көрсеткен сахнада қомыз аспабында ойнау үшін қырғыз еліндегі өз шәкірттерін арнайы шақыртқан.

«Бір мәселені естен шығармау керек. Композитор музыканы жазғанда, тыңдаушыға түсінікті етіп жазуы қажет. Музыканттың түсінгені шарт емес, ол халыққа түсінікті болуы керек. Қай көріністі алсам да, қай аспапты көздеп, қандай әуен құрасам да, ол жерден қазақтың иісі шығып тұруы керек деген

мақсат қойдым. Мейлі еуропалық тыңдаса да, мейлі қияндағы ауылдың қазағы тыңдаса да, екеуі де ол музыканы бірдей түсінуге тиіс», – дейді композитор.

Жамбыл Жабаев кездейсоқ құбылыс емес екені анық. Ол – тарих өзі дүниеге әкелген халқымыздың біртуар перзенттерінің бірі, қазақтың ақындық өнерінің қазанында қайнап, ежелгі ауыз әдебиетінің кәусарымен сусындап, ақындық, жыраулық дәстүрдің ХХ ғасырдағы туын биікке көтерген дана-абыз, ұлы жырау. Соңына мол әдеби мұра қалдырған шығармашылығы әлемдік рухани мәдениеттің алтын қорынан орын алады.

«Жамбыл жырау» операсы – ұлы ақынның бірегей талантының сырын ашуды мақсат тұта отырып, оны алғаш рет жаңа қырынан танытты.

БАЙҚАУ



Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен Желтоқсанның 35 жылдығына орай Алматыда «Қасиетті домбыра» атты байқау өтті. Мұнда қаланың 8 ауданындағы мектептерде өткен аудандық байқауда жеңімпаз атанып, қалалық байқауға жолдама алған 100-ден аса жас өрен өзара өнер жарыстырды.

Динара
МҰРАТ

Байқаудың мақсаты – қазақ домбырасын насихаттау, қала мектептеріндегі дарынды жас домбырашыларды іріктеу, анықтау, жас домбырашылардың кәсіби өсуіне, музыка саласында өзін-өзі жетілдіруге, музыкалық шеберлігін арттыруға, шығармашылық әлеуетін дамытуға жол ашу, ұлттық мәдениеттің дамуын өзектендіру, құндылықтарды әрі қарай дамыту, оны жас ұрпақтың бойына сіңіру.

Қала мектептерінде, ауданда және қала бойынша өткен байқау сахнасында домбырамен жүздеген ән-күй орындалып, мыңдаған жастың рухын көтерді. Желтоқсаншы ардагерлер ақжарма тілектерін арнап, өнерпаз жастарға ақ жол тіледі. Ұрпақтар сабақтастығы осылай жалғаса бермек. Домбыра-



ны серік еткен өрендер барда ұлтымыздың ән-күйі жоғалмақ емес.

«Қасиетті домбыра» атты өнер байқауы дәстүрлі ән, жеке және топтық орындаудағы күй орындау аталымдары бойынша өтті. Аудандық байқауларда жеңімпаз атанып, қалалық ақтық сынға жолдама алған өнерпаздардың қай-қайсысы да болашағынан үміт күттіретін өрендер. Қалалық байқауға жолдама алған 18 дәстүрлі әнші арасынан Әуезов ауданындағы №123 мектеп оқушысы Амантай Ұлас 1-орын алып, ноутбук сыйлығына ие болды. 2-орынды алған Жетісу ауданындағы №177 мектеп-гимназия оқушысы Серікболұлы Нұрбек планшет сыйлығын, 3-орын алған Жетісу ауданындағы №177 мектеп-гимназия оқушысы Нұрбек Нұрбаев пен Бостандық ауданындағы №40 мектеп оқушысы Асқар Әділхановтар смарт-сағатқа ие болды.

Күй тарту аталымы бойынша жеке орындаушылар арасында аудандарда жеңімпаз атанған 14 өнерпаз өзара сынаққа түсіп, Наурызбай ауданынан қатысқан Қантбай Шыңғыс бірінші орын, Алатау ауданынан Мәди Қыдырбеков екінші орын, Бостандық ауданының күйшілері Жанкелді Нұрланұлы мен Раян Кенжебекұлы үшінші орынды иеленді.

Күй тарту аталымы бойынша оркестрмен қатысқан 6 топтық орындаушылардың (6 топ барлығы 75 адам) үздігін анықтау

өте қиын болды. Қазылар алқасы ақылдаса келе, барлық оркестрді бір деңгейде бағалап, бірдей сыйлықпен марапаттауға шешім қабылдады.

Жетісу ауданының үш тобы – №137 мектеп-гимназияның «Назқоңыр» ансамблі, №148 мектеп-гимназияның «Кұлагер» оркестрі және №110 мектеп-гимназияның «Кәусар» ансамблі, Медеу ауданы №159 мектеп домбырашылар ансамблі, Алатау ауданындағы №110 мектеп-гимназияның «Балдәурен» ансамблі және Бостандық ауданындағы №22 мектеп-гимназияда оқитын өзге ұлт өкілдерінен құралған «Достық» домбырашылар ансамблі бір-бірінен бөліп жаруға келмейтін шебер орындаушылар екенін көрсетті.

Байқау барысында қазақтың қара домбырасы тек қазақ ұлтының ғана емес, өзге ұлт өкілдерінің де қызығушылығын тудырып, оны орындаушылар қатарының артқанын байқатты. Байқаудың домбыраны серік еткен барлық қатысушылары дипломмен және сыйлықтармен марапатталды.

«Ең бастысы, «бұлақ көрсең, көзін аш» дегендей, жастардың өнерін паш етуіне мүмкіндік жасалып, рухтарына рух қосылды. Байқау ұлтымыздың ғасырлар үнін, Ұлы Даланың жоғалмас сарынын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп келе жатқан қасиетті қара домбыра үні ешқашан үзілмейтінін паш етті. Тиегі киелі, сағасы жүйелі, шанағы шежіре, құлағы тарих, пернесі қазына, қасиетті қара Домбырамыз жасай берсін деген тілекпен байқауымыз мәресіне жетті», – дейді іс-шара ұйымдастырушысы Жаңыл Әпетова. Іс-шараны Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының қолдауымен Халықаралық «Жанашыр» қоры ұйымдастырып отыр.

КИНОКЕҢІСТІК



ДЕБЮТТІК ФИЛЬМДЕР

Мегаполисте IX «Бастау» халықаралық студенттік және дебюттік фильмдер кинофестивалінің жабылу рәсімі өтті.

Фестивальдің қазылар алқасы кино мерекесін қорытындылап, бірнеше номинациялар бойынша жеңімпаздарға жүлде табыстады. «Bastau Debuts» байқау бағдарламасында Амин Найфенің «200 метр» атты картинасы басты жүлдеге лайық деп танылды. «Үздік фильм» аталған картина бірнеше елдің (Палестина, Иордания, Катар, Италия және Швеция) қатысуымен түсірілген және Таяу Шығыстағы отбасының оқиғасын баяндайды. Мұстафа мен оның әйелі Салва екі ауылда тұрады. Елдімекендер 200 метр қашықтықта орналасқанына қарамастан қабырғамен бөлінген. Бірде телефон қоңырауы естіледі, енді отбасы үшін бәріне дайын әкесі қабырғаның арғы бетіне өтуі керек. Ол үшін 200 метр 200 шақырым қашықтыққа айналады. Юрий Быков бастаған халықаралық қазылар алқасы бұл фильмге «Үздік режиссура» сыйлығын да берді.

Сонымен бірге, конкурстық бағдарламада «Үздік актер» сыйлығын «Белый кит» фильміндегі Дайнос Гавенонис (Ресей), «Үздік актриса» марапатын «Кто спит в серебристо-сером» фильмінде ойнаған актриса Инин Ма (Қытай) жеңіп алды. «Қазылар алқасының

арнайы жүлдесі» қазақстандық Әлішер Жәдігерұлының «Отау» картинасына бұйырды.

«Кез келген фестиваль лотерея сияқты. Сондықтан бүгін жүлдеден тыс қалған азаматтарға өз қабілеттеріңізге, кино түсіруге деген талпыныстарыңызға ешқашан күмәнданбаңыздар дегім келеді. Ең бастысы, кино сыйлық үшін түсірілмейді. Осыны әрдайым есте сақтаңыздар», – деді қазылар алқасының төрағасы Юрий Быков жабылу салтанатында сөйлеген сөзінде. Фестивальдің ең үздік қысқаметражды фильміне тиесілі сыйлық Тәжікстаннан келген режиссер Манзарали Шералидің «Обуза» картинасына берілді. Ресейлік Татьяна Федоровскаяның төрағалығымен өткен Bastau Shorts бағдарламасында қазылар алқасы келесі номинациялар бойынша жеңімпаздарды анықтады. «Үздік қысқа метражды анимациялық фильм» – Шокир Холиковтың (Өзбекстан) «Қыз бен бұлт» фильмі; «Қазылар алқасының арнайы жүлдесі» – қазақстандық режиссер Нұрбол Ерболұлының «Түйме» картинасы; «Ерекше атап өту» номинациясы – ресейлік Андрей Наточинның «Катя» фильмі; «Ерекше атап өту» номинациясы – Беларусь режиссері Юрий Семашконың «Когда я был генерал» картинасы. Деректі фильмдер секциясында «Үздік

толықметражды деректі фильм» номинациясы бойынша Украинадан келген Андрей Лисецкийдің «Иван жері» атты жұмысы жеңіске жетті. Украиналық Мария Шевченконың «Родимое пятно» картинасы «Үздік қысқа метражды деректі фильм» номинациясын ұтып алды. Ал қазылар алқасының арнайы жүлдесі қазақстандық режиссер Тілек Ырысбектің «Жұмагүлдің әлемі» картинасына бұйырды. Халықаралық студенттік қазылар алқасы өзбекстандық режиссер Шерзод Назаровтың «Жібек жолында» картинасына фестивальдің «Үздік қысқаметражды фильмі» марапатын тапсырды.

Сондай-ақ, студенттік қазылар алқасының арнайы сыйлығын режиссер Эльза Гаудждің (Латвия) «Локдаун» фильмі жеңіп алды. Ал қазақстандық режиссерлер Ділат Рахматуллиннің «Бесік жыры» және Айдана Бауыржанқызының «Әке, ән айтып берейік пе?» жұмыстары қазылар алқасы тарапынан ерекше аталып өтті.

Биыл кинофестиваль қатысушылары мен қонақтары 5 күн ішінде әлемнің 30-дан астам елінің режиссері түсірген 80 фильмді тамашалады. Дәстүрлі түрде өтетін кино мерекесін ҚР Мәдениет және спорт министрлігі мен Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен ұйымдастырды.

ЖАҢА ФИЛЬМ

Спорттық драма

Желтоқсан айынан бастап еліміздің барлық кинотеатрларында боксшы Серік Сәпиевтің өмірбаянына негізделген фильм прокатқа шығарылды.

Туындыда Серіктің бокстағы алғашқы қадамдарынан бастап, мансабындағы басты мақсаты – Олимпиада алтынына қол жеткізу жолы баяндалады. Оқиға сұхбат форматында берілген, онда Серік өмірінің ерекше кезеңдерін еске алып, спорттағы жолы қалай басталғаны, жеңілістері, жеңістері және арманының орындалғаны туралы әңгімелейді. Сондай-ақ, фильмде махаббат пен достық көріністері де бар. Фильмнің сценарийін жазуға Ақан Сатаевтың өзінен бөлек екі адам қатысты. Әдеби сценарийді жазуға Тимур Жақсылыков пен Альмира Тұрсын атсалысты. Серік Сәпиев кеңесші болды. Басты рөлді жас актер-дебютант Смадияр Сабыров сомдады.



«Біз фильмді ұзақ уақыт түсірдік, екі жылдан астам уақыт жұмыс істедік. Дайындық кезеңі мен кастингке үлкен жауапкершілікпен қарадық. Басты кейіпкерімізді ұзақ уақыт іздедік. Құдайға шүкір, оны таптық. Бұл – спорттық драма, Олимпиада чемпионы туралы оқиға. Сондықтан кейіпкер экранда сенімді көрінуі үшін тек актер ғана емес, боксшы да болуы керек еді. Смадиярмен, жаттықтырушылармен, кеңесшілермен дайындық жұмыстары жүргізілді. Естеріңізде болса, Серік Сәпиев солақай, ал Смадияр оңқай. Ол қайта жаттығуға мәжбүр болды. Менің ойымша, бұл – актер үшін қызықты әрі үлкен тәжірибе. Мен бүгінгі нәтижеге өте қуаныштымын. Смадиярға осы еңбегі үшін тағы да алғыс айтқым келеді», – дейді Ақан Сатаев. Сонымен қатар, ол Серік Сәпиевке фильм ұнағанын тілге тиек етті. «Бастапқыда біз Серіктің өзін түсірейік дегенбіз. Бірақ кейін мұның бәрін актер ойнауы керек деген қорытындыға келдік. Оның үстіне оның жұмыс кестесі тығыз болды», – деп түсіндірді режиссер.

ДОП-ДОДА

Желтоқсандықтар жарысы

Мегаполисте волейболдан Желтоқсан ардагерлері арасында қалалық турнир ұйымдастырылды. «Желтоқсан Ақиқаты» республикалық қоғамдық бірлестігі мен Жетісу ауданы әкімшілігінің қолдауымен өткізілген байрақты жарыс Тәуелсіздігімізге 30 жыл және Желтоқсан көтерілісіне 35 жыл толуына арналған. Шараға Алматы қаласындағы 8 ауданның Желтоқсан ардагерлері келіп бақ сынады.

Жарыстың салтанатты ашылуында Жетісу ауданының әкімі Гүлнар Көкебаева Желтоқсан ардагерлеріне ерекше ықылас білдіріп, мерейлі мерекемен құттықтады. Ал желтоқсандықтар аудан әкімінің қолдау көрсетіп келе жатқанын елестіріп, Желтоқсанның 35 жылдығына арналып шығарылған орденді құрметпен кеудесіне тақты.

– Осындай спорттық жарыстар желтоқсан батырларының бірлігін нығайтып, салауатты өмір сүруіне жол ашып, көтеріңкі көңіл күй сыйлайды. Аудан әкімдігіне ерекше алғысымызды білдіреміз. Алдағы уақытта осындай байрақты бәсекелер көбейеді деген сенімдемін, – деді «Желтоқсан Ақиқаты» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Болат Құрымбаев. Ойын алаңында екі топқа бөлінген командалар арасында кескілескен кездесулер жалғасын тапты. Желтоқсан ардагерлері жеңіс үшін жан аямай өнер көрсетті.



– Жасы 70-тің үстіндегі желтоқсанишы, ғалым Шора Қарабаев ағамыздың алаңда қояндай ырғып, құстай ұшып жүрген жылдамдығын көріп, біз де қалыспдық. Желтоқсан батырларының шебер ойындарына көз сала отырып, сырлы аяқтың сыры кетсе де сыны кетпеген екен-ау, аман болыңыздар, ағалар, деп отырдық, – дейді

Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Желтоқсан ардагері Ақын Ордабайұлы. Таңазаннан тартысты басталған ойындар күн еңкейе барып өз мәресіне жетті. Жарыс қорытындысы бойынша, Алатау ауданының командасы бас жүлдеге қол жеткізсе, турнирдің күміс жүлдесі осы дүбірлі өткен жарысты ұйымдастыра отырып, жеңіс жолында тамаша ойын өрнегін көрсете білген Жетісу командасына табыс етілді. Ал жарыстың қола жүлдесіне Әуезов ауданының желтоқсан ардагерлері ие болды. Тартысты өткен аламан жарыстың соңында жеңімпаздар мен жүлдегерлер марапатталды. Сонымен қоса, турнирдің «үздік ойыншысы», «белсенді ойыншысы», «ардагер ойыншысы», «белсенді жанкүйер», тағы сол секілді бірталай номинация бойынша озық көрінгендерге сыйлықтар табыс етілді. Сондай-ақ, осы бәсекенің жоғары деңгейде өтуіне зор үлес қосқан Алматы қаласы қоғамдық даму басқармасының Жетісу ауданы бойынша аумақтық бөлімінің басшысы Асылбек Сатаевқа және Жетісу ауданы «Желтоқсан Ақиқаты» қоғамының төрайымы Нұржамал Бөгенбаева және Төкен Смағұлов, Алма Ахтанова сынды желтоқсан ардагерлеріне жиылған халық ерекше алғыс білдірді.

Бетті әзірлеген Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ.



БІЛІМ

«DIGITAL USTAZ ALMATY»
жеңімпаздары марапатталдыРая
ЕСКЕНДІР

(Басы 1-бетте)

Мектепте оқытуды цифрландыруды танымал етуге бағытталған бірінші конкурсқа қатысқан үздік мұғалімдерді марапаттау рәсіміне Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев қатысты.

Биыл Алматыда «Алматы мектептері» білім беру қызметкерлерінің кадрлық әлеуетін дамытудың үш жылдық бағдарламасы басталды. Бағдарлама қаланың 150 мектебінде сапалы жаңа білім беру ортасын құруға бағытталған.

Бағдарлама аясында 50 мектептің басқару командаларын қайта даярлау, 3000-нан астам педагогтың біліктілігін арттыру жүргізіледі. 1000-нан астам жоғары сынып оқушылары IT және креативті индустрия мамандықтарына оқытылады, қала мектептеріне цифрлық симуляторлар мен ресурстарға қолжетімділік берілген. Осы қатарда «Digital Ustaz Almaty» сандық қүзыреттер саласындағы кәсіби шеберлік байқауы да бар.

Рәсімнің ашылу салтанатында сөз алған шаһар басшысы, әсіресе, пандемия кезінде білім берудің жаңа стандарттарға көшуінің маңыздылығы өте зор болғанын атап өтті. Қала әкімі оқу процесін заманауи, қолжетімді және ең бастысы, балаларға түсінікті ету үшін республиканың барлық мектептерінде білім беруді трансформациялауға жол салатын алғашқы «Digital Ustaz Almaty» қалалық конкурсы ұйымдастырылып отырғанына маңыз берді. «Мұның бәрі педагог мәртебесін арттыруға, мұғалім мамандығын жастар үшін тартымды етуге және білім беру ұйымдарындағы кадр тапшылығын азайтуға мүмкіндік береді. Инфрақұрылым мен материалдық-техникалық жабдықтау мәселелері секілді білім беру мазмұнын да жаңарту мен дамыту мәселелерінің маңызы зор деп есептеймін. Сондықтан да біз

прогрессивті және жаңалыққа жаны құмар мұғалімдерді қолдауды жалғастырамыз», – деп атап өткен Бақытжан Сағынтаев байқаудың телерадио тәжірибесінің үздік педагогикалық әдістер алаңына айналып, мамандардың әрі қарай кәсіби өсуі үшін оларды ынталандыратынына сенім білдірді.

«Сіздер одан әрі жетіле түсіп, әріптестеріңізге шабыт беретін тұлғаларға айналасыздар, сабақ өту барысында өздеріңіздің педагогикалық шеберліктеріңізбен бөлісіп, әрбір оқушының өзін-өзі тануы үшін жаңа ынталандырушы орта құратын боласыздар деген үміттемін. Бірінші кезекте, Сіздер өз істеріңізге деген адалдық пен сүйіспеншіліктің арқасында финалға өттіңіздер. Болашақта да осылайша еңбек етулеріңізге тілектеспін», – деді Б.Сағынтаев.

Қала әкімі байқаудың тең ұйымдастырушылары – Нұрсұлтан Назарбаевтың Білім Қоры мен EdCrunch Academy заманауи білім беруді дамыту институтына, бас әріптес «Алматы Кітап Баспасына», сондай-ақ осы жобаға белсене қатысқан барлық сарапшылар мен мамандарға алғысын білдірді.

«Digital Ustaz Almaty» байқауы аясында педагогтар SMM және блогинг, цифрлық қауіпсіздік негіздерін, инфографиканы құруды үйренеді. Контент-жоспарлар құру және медиа материалдармен жұмыс істеуден басқа, тәжірибесі бар әріптестер кеңестер мен вебинарлар да өткізді. Байқауға қатысушылар арасынан екінші турға 100 үздік педагог өтсе, олардың арасынан ең үздік 10-ы актық сайысқа жолдама алған еді.

Сонымен, байқаудың Бас жүлдесіне Galaxy International School гуманитарлық кафедрасының меңгерушісі Сағынғали Қалиев ие болды. Ол ағылшын білім беру ұйымдарының бірінде тәжірибеден өту үшін Лондонға барады. 2-орынды «Білім-Инновация» лицейінен Ерлан Нұғман мен Нұрбек Серікұлы бөліссе, 3-орынға №31 ЖББМ мұғалімі Ерлан Керімбай ие болды.

ЖЕТІСУ АУДАНЫ

ҚҰРЫЛЫС ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРУДЕ

Рая
ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ

Жетісу ауданының әкімі Гүлнар Көкебаева Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында өткен брифингте аудан көлемінде жаңадан салынып жатқан мектептер, балабақшалар мен медициналық ұйымдардың құрылысы туралы кеңінен айтып берді. Аудан басшысының айтуынша, дәл қазір ауданда «Шетсіз қала» бағдарламасы жүзеге асырылып, әрбір ықшамауданда жаңадан білім беру мекемелері, медициналық нысандар мен демалыс орындары ашылатын болады.

Бұған дәлел ретінде Жетісу ауданына қарасты «Кемел», «Айнабұлақ», «Құлагер» ықшамаудандарында құрылысы қызу жүріп жатқан 3 бірдей дене шынықтыру-сауықтыру кешенін айтуға болады. Аудандағы тағы бір айтулы оқиға келер жылдан бастап «Кемел» шағынауданында 200 келушіге арналған отбасылық-дәрігерлік амбулаторияның құрылысы басталады. Сонымен қатар, биылғы жылдың соңына дейін №11 емханада жүріп жатқан сейсмикалық төзімділікті күшейту жұмыстары мен күрделі жөндеу аяқталуға тиіс. Сондай-ақ, аудан әкімі «Құлагер» ықшамауданы мен «Саяхат» автобекеті маңындағы жеке сектор аумағында тұрып жатқан тұрғындардың емхана мәселесінің де шешіліп жатқанын баяндады. «Биыл



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ауданымыздағы №57 мектепке 300 орынды, №102 мектепке 150 орынды қосалқы нысан құрылыстары аяқталды. Сонымен қатар, екі мектепте де жаңадан Мәжіліс залдары салынды. Енді аз уақытта №177 мектепке жапсарласа салынып жатқан 600 орынды қосалқы нысан мен №43 мектептің жаңа асханасының құрылысы аяқталады», – деді Гүлнар Көкебаева.

Жетісу ауданында құрылыс қарқынды жүріп жатыр. Аудан әкімшілігі

алдағы уақытта «Айнабұлақ-4» ықшамауданында 160 орынды балабақша, №148 мектеп жанынан (300 орын), №103 мектепте (250 орын), №112 мектепте (300 орын), барлығы 850 орынды қосымша құрылыстар салуды және №101 мектепке Мәжіліс залын салуды жоспарлап отыр. Сондай-ақ, «Жұмысшы кентінде» бір ауысымда 100 келушіге қызмет көрсететін жаңа емхана құрылысына ЖСҚ әзірлеу басталды.

ТҮРҒЫНДАР ҰСЫНЫСЫ
ЖЕРДЕ ҚАЛМАЙДЫ

Қаламыздың кез келген тұрғыны «Бюджетке қатысу» жобасы аясында ауланы, көшені немесе скверді абаттандыру бойынша өз идеясын ұсына алады. Егер бастаманы тұрғындар дауыс беру барысында қолдаса, онда ол жоба қалалық бюджет есебінен жүзеге асырылады.

«Бюджетке қатысу» жобасы аясында, негізінен, Жетісу ауданының аулалары мен қоғамдық кеңістіктерін жөндеу және реконструкциялау бойынша ұсыныстар көптеп түсті. «Осы бағдарлама аясында ағымдағы жылы 7 қоғамдық кеңістік жөндеуден өтсе, оның төртеуінің орнында бұрын қараусыз қалған учаскелер мен автомобиль жолдары болды. Аудандағы 101 мекенжайға орналасқан балалар және спорт алаңдарына ағымдағы жөндеу жүргізілді. Сондай-ақ, тұрғындардың өтініштері бойынша жеке секторда 11 жаңа ойын алаңы салынды», – дейді аудан әкімі.

Сонымен қатар, «Көкжиек» ықшамауданындағы спорт алаңы мен «Айнабұлақ-4» ықшамауданындағы 167-үйдің ауласындағы балалар алаңдарына жөндеу жұмысы жүргізілді.

мен спорт алаңын жөндеп, 13 қоғамдық кеңістікті абаттандырдық», – деді Алтай Рахымбетов.

Халықтың аз мобильді топтарына арналған жерасты және жерүсті жаяу жүргіншілер өткелдеріне лифт пен көтергішті орнату бойынша екі жоба аяқталуға жақын. Келесі жылға «Бюджетке қатысу» бағдарламасы бойынша 21 жобаны іске асыру жоспарланған. Бостандық ауданының тұрғындары бұл жолы да абаттандыру бойынша назар аударуды қажет ететін учаскелерді таңдау мүмкіндігіне ие болды. Сонымен қатар, қалада саябақтарды, скверлерді, бөлу жолақтарын, қоғамдық пайдалану орындарын, Үлкен Алматы және Есентай өзендерінің жағалауларын, көлік айрықтарын жинау және күтіп ұстау, сондай-ақ арық желілерін тазалау жұмыстары қолға алынып отыр.

Ауданда көгалдандыру жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Биыл 7250 ағаш көшеті мен 2220 бұта отырғызылған. Көктемде 31 941 шаршы метр алаңға гүлдер отырғызылып, магистральды көшелер

АУЛАЛАР АБАТТАНДЫРЫЛДЫ



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

пайдаланып, 85 лифт жабдығын жаңартты, 11 үй бойынша шатырды, инженерлік желілерді ауыстыру және қасбеттерді сырлау бойынша жөндеу жұмыстары аяқталды, 7 үйде жөндеу жұмыстары жүргізілуде», – деді А.Рахымбетов.

Сонымен қатар, инвесторларды тарту есебінен көппәтерлі тұрғын үйлердің 4 қасбеті боялды. Сондай-ақ, 19 балалар алаңы абаттандырылған. Жыл соңына дейін тағы 2 алаң пайдалануға беріледі.

Аудан әкімінің сөзіне сүйенсек, биыл 155 учаскені жарықтандыру жоспарланған, 140 көшенің жұмыстары аяқталды. Сондай-ақ, 16

көше мен ұзындығы 17 шақырым болатын жолайықта орташа жөндеу жұмыстары аяқталған. Спикер баспасөз мәслихаты барысында қала тұрғындарының қоғамдық кеңістікті жақсартуға, көркейтуге, мегаполисті дамытуға белсенді түрде қатысып жатқандығын атап өтті.

«Бостандық ауданының тұрғындары «Бюджетке қатысу» жобаларын таңдауға және талқылауға қызығушылықпен қатысады. Олар көбіне демалыс орындарының көп болуына және олардың заманауи үлгіде салынуына баса назар аударады. Мысалы, биыл біз 9 балалар

БОСТАНДЫҚ АУДАНЫ

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Шаһардың ең іргелі, көрікті аудандарының бірі – Бостандық ауданында 100 аула абаттандырылды. «Бюджетке қатысу» бағдарламасы аясында 22 жоба жүзеге асырылды.

Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихатында аудан әкімі Алтай Рахымбетов мәлімдеді. Жалпы, жайлы орта құру бойынша жұмыстар барлық жерде жүргізілуде. Аулаларды абаттандыруда балалар ойын алаңының, тұрақтың, орындықтар мен урналардың болуына және жарықтандырылуына, көгалдандырылуына баса назар аударылады.

Спикер Бостандық ауданында 135 ПИК пен ПКСК қызмет көрсететін 1866 көппәтерлі тұрғын үй бар екенін айтты. Алайда, тұрғындар ақырындап басқарудың жаңа формаларына көшуде. Мысалы, 529 көпқабатты үйдің тұрғындары 123 МИБ және 290 жәй серіктестік құрды.

«34 көппәтерлі үйдің тұрғындары «Нұрлы жер» бағдарламасын

бойындағы 319 гүлзар ретке келтірілген. Аудан қызметтері қоюс жәшіктерін, орындықтарды, қоғамдық көлік аядамаларын, көше бойындағы қоршаулар мен жолайықтарды бояу жұмыстарын да аяқтады. Сондай-ақ, фонтан мен мұражайдың іргелес аумағын жөндеу аяқталды. Ә.Қастеев атындағы саябақтағы субұрқаққа күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Үлкен Алматы – әл-Фарабидегі көпір асты кеңістігі аумақтарын ағымдағы жөндеу аяқталған. Пандемияға қарамастан ауданда жаңа спорт ғимараттарының құрылысы да жалғасуда. «Біз бұқаралық спортты дамытып, салауатты өмір салтын насихаттауды жалғастырамыз. Спорттық инфрақұрылымды бюджет есебінен де, инвесторлар есебінен де нығайтуды жалғастырамыз. Биыл жыл бойы жұмыс істейтін, бір тәулікте 200 адам қабылдай алатын «Жан досым» теннис орталығының құрылысы аяқталды», – деді Алтай Рахымбетов.

Аудан әкімі «Сұңқар» шаңғы трамплиндерінің екінші кезегінің құрылысы аяқталғанын да хабарлады. Онда 580 орынды мінбері бар әмбебап зал, жабық жүзу бассейні мен қонақүй кешені орналасатын болады.



БРИФИНГ

Ревакцинацияға
ниеттілер көпАлматыда Pfizer вакцинасын алуға
3200-ден астам адам жазылдыАйнұр
СЕНБАЕВА

Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасы басшысының орынбасары Лаура Мырзағали Өңірлік коммуникациялар алаңында өткен брифингте жасөспірімдерге, жүкті әйелдер мен бала емізетін аналарға жүргізіліп жатқан вакциналау туралы баяндап берді. Сондай-ақ, спикер Pfizer-дің Comirnaty препаратымен ересек тұрғындардың ақылы вакциналануына қатысты сұрақтарға жауап берді.

ҚДБ статистикасы бойынша, Алматыда Pfizer өндірген Comirnaty препаратымен корона-вирусқа қарсы 996 жүкті әйел, 3513 бала емізетін әйел және 12 460 жасөспірім екпе алды. Лаура Мырзағали Comirnaty вакцинасы ең алдымен осы үш санатқа арналғанын атап өтті. Оның айтуынша, бұл вакцинамен басқа адамдар ақылы негізде вакциналана алатынын да айтты. Әзірге екпенің құны белгісіз.

«Қаламызда Pfizer вакцинациясын алғысы келген тұрғындардың жазбасын жүргізетін үш медициналық ұйым бар. Бүгінде осы препаратпен вакциналануға ниетті 19 жасан 65 жасқа дейінгі 3279 адам тіркелді. Денсаулық сақтау министрлігі бізге ресми түрде вакциналарды бастауға рұқсат беріп, олардың санын анықтаған кезде, біз вакциналауды бастаймыз», – деді Л.Мырзағали.

Халықтың басқа санатындағы адамдар №5 қалалық ауруханада, №5 емханада және 7-ші студенттік емханада вакцина алуға алдын ала жазылуына болады. Алдағы уақытта басқа да медициналық ұйымдар тартылуы мүмкін.

ҚДБ өкілі атап өткендей, Алматыда бар кез келген вакцина аурудың алдын алады, екпенің пайдасы көп.

Л.Мырзағали қала тұрғындарын вакциналануға, ата-аналарға балаларын егуге рұқсат егуге шақырды. Оның айтуынша, вакциналанған балалар, жүкті әйелдер және бала емізетін әйелдер екпені жеңіл көтеруде.

Жалпы, ҚДБ деректері бойынша өткен тәулікте корона-вирустық инфекцияның 66 жағдайы тіркелген. Бүгінде инфекциялық стационарларда 1434 төсек орналастырылған, алайда онда 282 адам ғана бар, оның ішінде 8-і бала. Реанимация және қарқынды терапия бөлімшелерінде барлығы 40 пациент бар. Бүгінгі таңда 636 пациент үйде АМСК мобильді бригадаларының және телемедицина орталығының бақылауында.

Вакциналанудың барлық кезеңінде бірінші компонентпен 1 043 672 адам, екінші компонентпен 975 812 адам егілді. Егілгендердің жалпы санынан 60 жасан асқандар 122 544 адамды құрайды. Вакцинаны 132 пункттің бірінде тегін салдыруға болады.



ЛЕБІЗ

Алғыс арқалағандар

Ертеректе қол-аяғым тоңып жүретін. Бүйректе тас бар деген диагнозбен ота жасалған. Бауыр, өт аурулары да мазалап жүрді. Ем-дом алдым. Бірақ ойымдағыдай нәтиже болмады.

Зейнеткерлікке шыққан соң Алматыдағы клиниканы естіп, сонда бардым. Кіргеннен адамды жылы шыраймен қабылдауы, сауаттылығы, клиниканың тазалығы ұнады. Сол жерден ем қабылдауды шештім. Клиникада плазмаферез – қанды токсиндік заттардан тазарту әдісімен емделіп шықтым. Аллаға шүкір, өзімді жақсы сезініп, жағдайым жақсарып

қалды. Менен де басқа ем қабылдаған пациенттер өз ризашылығын, алғысын білдіріп жатты.

Клиниканың меңгерушісі, жоғары санатты дәрігер, медицина ғылымының кандидаты Тұрсынхан Әбдікәрімқызы Жетпісоваға, дәрігер И.В.Гололобовқа, мейірбикелер Алтынай Өркеге, Аружан Өмірханға, мейірбикенің көмекшісі Гүлмира Бектұғыловаға зор алғыс айтқым келеді. Емге мұқтаж жандарға жасаған жақсылықтарыңыз еселеніп қайтсын дегім келеді.

Раиса ҰМБЕТБАЕВА,
зейнеткер.

COVID-19

Екпенің маңызын ескерейік

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Алматы қалалық Қоғамдық денсаулық басқармасының мәліметінше, шаһарда корона-вирус жұқтырған 282 науқас ем қабылдап жатыр.



5 желтоқсан күнгі ақпарат бойынша, бір тәулікте қалада 66 адам коронавирус жұқтырған. Барлық емделіп шыққандар – 5, келіп түскені – 12. «Инфекциялық стационарларда (төсек-орынның жалпы саны – 1434) 282 адам бар, оның ішінде 8-і бала», – деді басқарманың баспасөз қызметінен.


Сондай-ақ, реанимация және қарқынды терапия бөлімінде 40 адам жатыр. Ал 11 науқас жасанды тыныс алу аппаратына қосылған. Инвазивті емес жасанды тыныс алу аппаратында 12 адам ем қабылдауды жалғастыруда. High flow-да 7 аппарат жұмыс істейді.

Медициналық-санитариялық алғашқы көмек мобильді бригадаларының және Телемедицина орталығының амбулаториялық бақылауында 636 пациент бар. Оның ішінде індет белгілері бар, орташа ауыр жағдайда – 616 науқас. 20 адамда коронавирус белгілері жоқ.

Дәрігер-мамандар ковидті ауыздықтаудың бірден-бір жолы вакцина салдыру екендігін әлі де айтуда.

Алматы қаласында бір күнде (5 желтоқсанда) 1089 адам корона-вирусқа қарсы вакцина салдырды. «Коронавирусқа қарсы екпенің I компонентін – 536, II компонентін 553 адам алды. Вакцина салдырғандар саны бойынша Алматы қаласы алдыңғы орында. Биылғы жылдың 1 ақпаны мен 5 желтоқсан аралығында қалада 1 028 191 тұрғын вакцинаның бірінші компонентін, 985 289 адам екінші компонентін салдырған. Оның ішінде 122 544 адамның жасы 60-тан асқан», – деп хабарлады қалалық Қоғамдық денсаулық басқармасы.

Бүгінгі таңда Pfizer (Comirnaty) компаниясының екпесін 16 968 адам салдырды. Оның ішінде 995-і жүкті әйел, 3513-і бала емізетін ана және 12 460-ы жасөспірім. Қалада 132 егу пунктін жұмыс істеп тұр. 756 адамнан тұратын 201 екпе бригадасы бар.



Алматыда Pfizer вакцинасын ақылы алуға жазылу басталды. Бұл туралы Алматы қалалық Қоғамдық денсаулық басқармасы өкілдері мәлім етті.

ӘЛЕМ ЖӘНЕ ПАНДЕМИЯ

«Омикрон»
40 елге тарады

ҚАЗАҚСТАН шығарған QazVac Швейцарияда тіркеледі. Сөйтіп, біздің вакцина Еуропа мемлекетіне экспортталады. Елімізде Швейцариямен бірлескен тағы бір кәсіпорында ашылады. Бұл туралы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Женеваға жасаған ресми сапарында белгілі болды.



ОҢТҮСТІК АФРИКА жерінде вирус жұқтырғандар арасында бала көп. Өткен айда мұнда алғаш рет «омикрон» штамы анықталған болатын. Қазір жергілікті ауруханаларда ем алып жатқандардың 7%-ының жасы әлі 9-ға да толмаған балалар екен. Бір айта кетерлігі, көбінің ауруы жеңіл түрде өтіп жатқан көрінеді.

САУД АРАБИЯСЫ 1 қаңтардан бастап Ресейдің «Спутник V» вакцинасын салдырған азаматтарға елге кіруге рұқсат берді. Бұл Мекке мен Мединаға қажылыққа баруға жол ашады. Сырттан келген азаматтар екпенің екі дозасын да салдыруы тиіс. Сондай-ақ, екі күн карантинде болып, ПТР-тесттің теріс нәтижесін көрсетуге міндетті.

Бұған дейін әлемнің 101 мемлекетінің билігі осындай шешім қабылдаған, яғни

«Спутник V» қабылдаған жат елдіктерге елге кіруге рұқсат берген.

ФРАНЦИЯ елінде бір тәулікте 50 мыңнан астам адамға КВИ жұқтырған. Ауруханалардағы төсек-орынның 40%-ында ковидке шалдыққан науқастар жатыр. «Жығылғанға жұдырық» дегендей, дәрігерлер тапшы.

Өйткені, денсаулық сақтау саласына салмақ түскесін біраз маман қызметінен өз еркімен кеткен болатын. Ал кей дәрігерлер вакцина салдырудан бас тартқаны үшін жұмыстан шеттетілген.

Эпидемиалық нашарлауына байланысты бұл елде 5–11 жас аралығындағы балаларға қаңтардан бастап вакцина салынуы мүмкін.

ЧИЛИ елінде де «омикрон» анықталды. Сөйтіп, бұл мутация



«ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің түсініктемесіне сәйкес, Pfizer компаниясының Comirnaty тегін вакцинасын алушылар санатына кірмейтін, яғни 12 жасан 18 жасқа дейінгі балалар, жүкті және бала емізетін әйелдерден бөлек барлық ниет білдірушілер бұл вакцинаны ақылы негізде ала алады», – деп атап өтті ведомстводан. Басқарма мәліметінше, қаладағы 3 емханада Pfizer компаниясының Comirnaty екпесін ақылы түрде алуға болады:

• №5 қалалық емхана – 8 (727) 344-98-04 немесе 8 707 101 28 93, 8 707 931 92 63 (WhatsApp), мекенжайы: Алмалы ауданы, Мақатаев көшесі, 141.

• №7 қалалық емхана – 8 (727) 376-33-99 немесе 8 701 111 61 81. (WhatsApp), мекенжайы: Бостандық ауданы, Бұқар жырау көшесі, 14.

• №5 қалалық клиникалық аурухана – 8 (727) 264-72-64 немесе 8 747 263 72 46 (WhatsApp), мекенжайы: Медеу ауданы, Достық даңғылы, 220.

Осы орайда айта кетейік, қосымша сұрақтар туындаған жағдайда жоғарыда көрсетілген телефон нөмірлеріне хабарласуға болады. Бүгінгі таңда МСАК-та Pfizer (Comirnaty) екпесін ақылы алуға ниет білдірушілердің жазбасы жүргізілуде. Вакцинаның бағасы әлі белгісіз.

тіркелген елдердің саны 40-қа жуықтады. Жаңа штамды жұқтыру деректері Азия мен Еуропа мемлекеттерінде көп. Ресейлік мамандар «омикронның» пайда болуымен пандемия аяқталуы мүмкін дейді. Айтуларынша, мутация

басқаларын ығыстырып, COVID-19 тұмау секілді маусымдық инфекцияға айналуы тиіс. Ал ДДСҰ өкілдері қандай да бір мәлімдемелер жасауға асықпауға шақырады.

АҚШ жеріндегі «Модерна» фармацевтикалық компаниясының басшысы қолда бар препараттар «омикронға» қарсы тұра алмаса, вирустың нақты бір түріне қарсы бағыттаған екпенің болғаны дұрыс деп отыр.

Сондықтан жаңа мутацияға қарсы бустерлік вакцина алдағы жылдың наурызында пайда болуы мүмкін екенін айтады. Ал «Пфайзер» және «Байонтек» компаниялары ковидқа қарсы дәрісін жаңа штамға қатысты бейімдейтіндерін жеткізді.

Әзірлеген
Нұр ЖАМАЛ.



ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ЖОБА

ҚАМҚОРЛЫҚ ЖАСАУ –
ҚАНЫМЫЗДА БАР ҚАСИЕТҚазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына
арналған «Қайырымды істер марафоны»
қорытындыланды

«Жомарт жүрек» сыйлығы лауреаттарын марапаттаудың салтанатты іс-шарасы өтті. «Қайырымды істер марафонының» қорытындысына арналған ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаева Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтауын оқып берді.

«Бұл – халқымыздың асыл қасиеттерін дәріштеп, көпшілікті жақсылық жасауға жұмылдыратын жалпыұлттық жоба. Мерейлі жылда елімізде қоғамдық маңызы бар нақты жұмыстар атқарылуда. Осы марафон – соның жарқын мысалы. Бастаманы бір жылдың ішінде 3 миллион отандасымыз қолдады. 15 мыңнан астам қайырымдылық шарасы ұйымдастырылып, 200 мың адамға көмек берілді. Мұның бәрі

Волонтер жылындағы игілікті істер жалғасын тауып, дәстүрге айналғанын көрсетеді. Әлемге індет тараған кезде халқымыз ұлт болып ұйысудың озық үлгісін танытты. Жомарт жандар карантин шектеулеріне байланысты табысынан айырылған жұртқа қолынан келген көмегін аяған жоқ. Өз қаржысына дәрі-дәрмек пен медициналық құрал-жабдық алып берген азаматтар да аз емес. Шын мәнінде, қиындыққа тап болған адамға қамқорлық жасау – қанымызда бар қасиет. Мерейтойлық марафон аяқталғанымен, көпшілікке шарапаты тиетін қайырымды істер жалғаса береді деп сенемін. Жұртқа жанажырық танытып, халыққа қамқорлық көрсетіп жүрген азаматтарға шынайы ризашылығымды білдіремін. Баршаңызға зор денсаулық, бақ-береке тілеймін!», – делінген Мемлекет басшысының құттықтауында.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев тұжырымдағандай, «Тәуелсіздік – кез келген азамат үшін ең қастерлі құндылық. Тамыры терең тарихымызға құрметпен қарап, мемлекеттілігімізді қадірлеу, оны көздің қарашығындай қорғау – әрбір қазақстандықтың міндеті».

ЕҢ ҚАСТЕРЛІ ҚҰНДЫЛЫҚ



Қасиетті Тәуелсіздік – ұрпақ үшін ұлы ұғым. Ұлы дала елінің еркіндігі үшін, тәуелсіздігі үшін күрескен қазақтың халық жоқ шығар? Шынында да солай. Өскен орта мен өмір сүрген заманына қарсы тұрып, талай дүлей дауылдарға, адуын ағыстарға қарсы тұрған жандар ғана түсінетін, сезінетін ұғым бұл. Біз Жұбан Молдағалиев айтқандай, мың өліп, мың тірілген халықпыз. Егемендігіміз қандай қиындықпен келгенін үлкеніміз де, жасымыз да тайға таңба басқандай білеміз. Бұған бабаларымыздың жүріп өткен тарихи жолы куә. Жұмыр жердің тыныс-тіршілігі уақыт көшіне еріп барады, ал уақыт көші – өмір көші,

дәуір көші. Сол көштің жолында ата-бабаларымыздың ізі сайрап жатыр. Өткенімізге үңілсек, еркіндік пен азаттыққа деген құштарлығы күш берген, жігер берген халқымыздың абзалдығы мен даналығын, қайсарлығы мен батырлығын бағамдаймыз.

Осы азаттығымыз бен бостандығымыз жолында қыршын кеткен бүгінгі күннің батырлары Қайрат, Ләззат, Сәбиралар сол ата-бабаларымыз ансаған тәуелсіздік үшін күрестің құрбаны болды. 1932 жылдардағы ашаршылық пен 1937-1938 жылғы нәубет жылдарда, Ұлы Отан соғысында ұрпағы үшін от кешкен ата-бабаларымыздың, күні кешегі әйгілі Желтоқсан батырларының есімдері мен қайсар рухты ерлігі тарих беттерінде мәңгілік қатталуы тиіс, ұрпақтар үшін елдіктің ұраны болуы тиіс.

Тәуелсіздік қазақ халқы үшін баға жетпес қастерлі құндылық. Біз асқақ арманы бар, қайсар рухы бар, өшпес тарихы бар, ұрпаққа үлгі даналары мен батырлары бар, өнегелі өрендері бар, жарқын болашаққа үміті мен сенімі бар халықпыз. Тәуелсіздігіміздің туы мәңгі желбірей берсін.

Гүлмира ШАЛДАМБАЕВА,
Қайырымды ауылы,
Р.Смаилов атындағы
мектеп кітапханашысы.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

МІНСІЗ ҚЫЗМЕТ ЕТУ
ЖОЛДАРЫ

Алматы қаласы Халықты жұмыспен қамту орталығында сыбайлас жемқорлықты болдырмау және оған мүлдем жол бермеу мақсатын көздеген онлайн-шара өтті.

Мекеме қызметкерлері қамтылған ZOOM-жиында «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту мемлекеттік бағдарламасы мен «Жұмыспен қамту жол картасын» іске асыру кезінде қандай шаралар орындалуға тиістігі айтылды. Мәселен, жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін, теңдігін сақтау, өтініштерді қарау кезінде төрешілік көріністеріне және әуір-сарсаңға салуға, регламенттер мен стандарттарда көзделмеген құжаттарды талап етуге жол бермеу, өтініштерді заңнамада белгіленген мерзімдерде қарауды қамтамасыз ету; мемлекеттік қызметтерді уақытылы орындау; мемлекеттік қызметтерді тұтынушы ретінде толығымен халықтың сұранысына бағдарлана отырып, көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру бойынша шаралар қабылдау керектігі түсіндірілді. Сондай-ақ, мемлекеттік қызметкер өз құзыреті шенберінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау, қабылдау кезінде Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулер мен тыйымдарды сақтауға, қызметтік міндеттерін тиімді атқару үшін өзінің кәсіби деңгейі мен біліктілігін арттыруға; мемлекет мүддесіне нұқсан келтіретін, жұмыс тиімділігіне кедергі келтіретін немесе тиімділігін төмендететін іс-әрекеттерге қарсы тұруға; меритократия қағида-

рын сақтауды қамтамасыз етуге міндетті. Кадр мәселелерін шешу кезінде туыстық, жердестік және жеке басына берілгендік белгілері бойынша артықшылық көрсетпеуі керек. Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың, лауазымдық нұсқаулықтар мен міндеттердің нормалары мен ережелерін сақтауға тиіс.

– Халықты жұмыспен қамту орталығы қызметкерлерінің қызметінде де нақты шектеулер мен тыйымдар белгіленген. Атап айтсақ, өзінің функционалдық міндеттерін орындау барысында материалдық немесе материалдық емес құндылықтарды қабылдамау; өздері қабылдайтын шешімдердің заңдылығы мен әділдігін қамтамасыз ету; өзінің іс-әрекетімен және мінез-құлқымен қоғам тарапынан айтылатын сынға себепкер болмау, сынағаны үшін қудалауға жол бермеу, орынды сынды кемшіліктерді жою мен өзінің қызметін жақсарту үшін пайдалану; жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде жеке және заңды тұлғалардың қызметіне ықпал ету үшін өзінің қызметтік жағдайын пайдаланбау; қызметтік тәртіпті бұзғыштық сақтауға, өзінің қызметтік міндеттерін адал, бейтарап және сапалы атқаруға, жұмыс уақытын ұтымды және тиімді пайдалануға, іскерлік әдепті және ресми мінез-құлық қағидаларын сақтауға міндетті, – дейді Құқықтық қамтамасыз ету және мемлекеттік сатып алу бөлімінің маманы Арман Шаншаров.

Жоғарыда аталған шектеулердің бірі бұзылған жағдайда, тәртіптік жазалау шаралары қолданылады.

МӘСЕЛЕ

БІРЖОЛҒЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМІ

Оны алудың шекті мөлшері неге өсті?

2022 жылы біржолғы зейнетақы төлемін алудың жеткіліктілік шегі 1,8 есе көтеріледі. Бұл туралы Бірыңғай жинақтық зейнетақы қорының ресми сайты хабарлаған болатын.

БЖЗК басшысы біржолғы зейнетақы төлемін алудың шекті мөлшері туралы түсініктеме берді.

«Бірыңғай жинақтық зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының басқарма төрағасы Жанат Құрманов біржолғы зейнетақы төлемінің өсуіне күні кеше қабылданған Бюджет туралы заңның түрткі болғанын меңзейді. Еске салсақ, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «2022–2024 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» ҚР Заңына қол қойған болатын. Онда 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап бірқатар әлеуметтік-экономикалық параметрлерді ұлғайту көзделген. Ең төменгі жалақы ағымдағы 42,5 мың теңгеден 60 мың теңгеге дейін ұлғайтылады. Сондай-ақ, ең төменгі зейнетақы, ең төменгі базалық зейнетақы төлемдерінің мөлшері де өсетін болды. «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңда «Зейнетақы жинақтарының ең төмен жеткіліктілігінің шегі міндетті зейнетақы жарналары және мін-



детті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған ай сайынғы зейнетақыны қамтамасыз ету үшін қажетті зейнетақы жинақтарының республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төмен зейнетақы мөлшерінен төмен емес ең төмен мөлшері» деп айқындалған. «Ең төменгі жеткіліктілік шегі жыл сайын Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 2 қазандағы №1042 қаулысымен бекітілген Әдістеме бойынша қайта есептеледі және БАҚ-та жарияланады», – дейді БЖЗК басшысы. Бекітілген әдістеме бойынша төмен жинақтық шек мөлшері жинақ иесінің жасына қарай есептеледі және болашақ зейнетақы төлемдері мен зейнетақы жарналарының өсуін (индексация) ескереді. «Бұл ретте ҚР «Республикалық бюджет туралы» Заңына сәйкес, жыл сайын

индекстелетін ең төменгі жалақы (ЕТЖ), ең төменгі зейнетақы (ЕТЗ), ең төменгі күнкөріс деңгейі (ЕТКД) сияқты әлеуметтік көрсеткіштер қолданылады. Осыған байланысты төмен жинақтық шек мөлшерін есептеу жыл сайын аталған көрсеткіштердің өсуін ескере отырып жүргізіледі. Осы көрсеткіштердің өзгеруіне байланысты Үкіметтің қолданыстағы қаулысы бойынша 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап төменгі жеткіліктілік мөлшері қайта есептеледі. Осы мөлшерден асса, азаматтар өз жинақтарының бір бөлігін Тұрғын үй жағдайларын жақсарту, емделуге ақы төлеу, сондай-ақ жеке басқарушы компанияларға инвестициялық басқаруға беру үшін пайдалана алады», – дейді Жанат Құрманов.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

БАЙҚАУ

«ЕҢБЕК ЖОЛЫ» БАҒАЛАНДЫ

Алматыда Еңбек күнін мерекелеуге арналған «Еңбек жолы» байқауының қорытындысы шығарылды. «Еңбек жолы» байқауы Мемлекет басшысының «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: жалпыға ортақ еңбек қоғамына жиырма қадам» бағдарламалық мақаласын тиімді жүзеге асыру, ұрпақтар сабақтастығын сақтау мақсатында өткізілді.

Байқау қорытындысында бірінші номинация бойынша «Үздік еңбекші әулет» деп Сапарғалиевтар отбасы танылды. Әулеттің жалпы еңбек өтілі – 332 жыл. 2-орынды

барлығы 202 жыл еңбек еткен Баймендиновтер шаңырағы иеленді. 3-орын М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық академиялық драма театрының өнер шеберлері – Толғанбаевтарға бұйырды, олардың жалпы еңбек өтілі – 15 жыл.

Екінші «Өндірістің үздік жас қызметкері» мәртебесін Д.Бабаев атындағы №115 жалпы білім беретін мектептің математика пәні мұғалімі Несібелі Жылқыбай иеленді. 2-орын Республикалық спорт колледжінің дене шынықтыру пәні мұғалімі Ақкөл Тойшыға бұйырды. 3-орын М.Әуезов атындағы №128 орта мектептің география пәні мұ-

ғалімі Қарлығаш Сегізбаеваға берілді.

Байқаудың үшінші – «Еңбекші жастардың үздік тәлімгері» номинациясы бойынша Алматы қаласы «Қалалық кардиология орталығы» КМК Клиникалық-диагностикалық зертханасының дәрігер-лаборанты Светлана Габдушева жеңімпаз атанды. 2-орынды «С.Киров атындағы машина жасау зауыты» АҚ маркетинг және даму бөлімінің басшысы Әлімбек Жұмабеков, 3-орынды Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Гуманитарлық колледжі» МКҚК ағылшын тілі мұғалімі Светлана Луковенкова иеленді.

Бетті дайындаған Нұржамал ӘЛШЕВА.





ҚАУЛЫ

2021 жылғы 6 желтоқсандағы №4/494-1035

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабы 2-тармағы 4) тармақшасының, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2021 жылғы 26 қарашадағы қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жол жүруді ұйымдастыру үшін Алматы қаласының Медеу ауданындағы «Горный гигант» ӨК орналасқан жер учаскелерінің бөлігін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерінің бөлігін немесе өзге де жылжымайтын мүліктерді осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.
3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.
4. Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.
5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:
 - 1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін ескертсін және жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
 - 2) жер учаскелерінің бөлігін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерінің бөлігін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;
 - 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары М.Б.Әзірбаевқа жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Б.САҒЫНТАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің
2021 жылғы 6 желтоқсандағы
№4/494-1035 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	Жумабекова Сауле Амировна	20-315-067-262	ПК «Горный гигант», 2723 учаске	Жалпы – 8 (иеліктен шығарылатын ауданы – 0,2848)
2	Курмангожина Айжан Калибековна, Хамириан Хосейн Маджид	20-315-067-022	Горный гигант ӨК, 989 учаске	Жалпы 1,9857 (иеліктен шығарылатын ауданы – 0,1047)
3	«КУСА Халық» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-315-067-114	«Горный гигант» ӨК, 2 учаске	Жалпы 0,18 (иеліктен шығарылатын ауданы – 0,0468)

ЖАРАМСЫЗ

Әбікенова Ардақ Сәлиғазықызына берілген Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Ақши орта мектебін 1988 жылы бітіргені жайлы №А226841 нөмірлі аттестаттың жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылсын.

ОҚЫРМАНҒА ҚҰЛАҚҚАҒЫС

Жазыл да, ұтып ал!

Құрметті оқырман!
2022 жылға баспасөзге жазылу жүріп жатыр. «Almaty aqshamy» газеті тұрақты оқырмандарымыз бен жаңа оқырмандарымызды редакцияның «Жазыл да, ұтып ал!» атты байқауына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?
«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылға бір жылға жазылу керек. 2021 жылдың 25 желтоқсанына дейін газетке жазылғаны жөніндегі түбіртеккің көшірмесін «Жазыл да, ұтып ал!» деген белгісі бар конвертке салып, редакцияға жолдаңыз. **Редакцияның мекенжайы:** ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің қиылысы), №21 бөлме, тел.: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61 немесе сканерленген жазылу түбіртегің (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») alatayaqparat@mail.ru электронды адресіне жіберу керек.

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңізді және мекенжай мен байланыс телефоның көрсетіңіз.

Қай жерде жазылуға болады?
«Казпочта» АҚ барлық бөлімшелерінде, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС және «Дауыс» ЖШС.

2022 жылға бір жылдық жазылу қанша тұрады?
Жекелеген оқырман үшін (жазылу индексі 65503) – 7206,00 теңге. ҰОС ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектігі бар тұлғалар мен көпбалалы аналарға (жазылу индексі 95503) – 5286,00 теңге.

Тек бір жылға толық жазылған оқырмандар ғана қатыса алады.

Сыйлықтар 2022 жылдың 24 ақпанында «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімі 2022 жылдың 3 наурызындағы газет саңында жарияланады.

Сәттілік серік болсын, құрметті оқырман!
Анықтама телефондары:
8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61.

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

- * мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
- * бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
- * әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

- * құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
 - * құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!
- Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy»
Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ықпал етеді және оны туберкулез ауруынан қорғайды.

3. Жыл мезгіліне қарамастан, таза ауада мүмкіндігінше көбірек болу қажет, өйткені таза ауа ағзаға жақсы әсер етеді және шынығудың тамаша жолы болып табылады.

4. Жеке гигиена ережелерін сақтау: жуу құралдарын және ағынды суды пайдалана отырып, қолды, ыдыстарды жуу, тұрғын үй-жайларды ылғалды жинау және желдету, ет пен сүтті міндетті термалық өңдеу, жеке гигиеналық құралдар мен ыдыстарды пайдалану, су процедуралары – сүртінуді, құю, душ.

5. Жөтел этикетін сақтау.

6. Гигиеналық тәртіптің маңызды бөлімі дұрыс тамақтану болып табылады. Адам тәбетінің жоғарылауына ықпал ететін және ағзамен жақсы сіңіретін түрлі тағамдарды тұтыну керек. Тағам құрамына ақуыздар, майлар мен көмірсулардан басқа, міндетті түрде витаминдер мен минералды тұздар кіруі тиіс. Ақуыздар ет, сүт, сүзбе, жұмыртқада болады; көмірсулар – қант, нан, картоп, жармада. Витаминдер мен минералды тұздар негізінен жаңа піскен көкөністер мен жемістерде болады.

7. Туған кезде БЦЖ-мен міндетті түрде вакциналау және 6-7 жаста қайта вакциналау.

Т.ЖҰМАҒҰЛ,
Алматы бөлімшелік
санитариялық-эпидемиологиялық
бақылау басқармасының бас маманы.

Туберкулез – ем қонатын ауру

Туберкулез әлемдегі ең көп таралған инфекциялардың бірі. Жұқпаның негізгі көзі – ашық түрдегі туберкулезі бар науқас адам, себебі оның қақырығынан туберкулез таяқшасы бөлінеді.

Өкпе туберкулезі ауа тамшылары арқылы жұғатындықтан, процесс ең алдымен өкпеден (90%) басталып, түрлі мүшелерді зақымдайды. Өкпеден тыс көбіне сүйектерге, зәр шығару жүйесіне, перифериялық лимфа бездеріне жұғады. Ауру қоздырғышы ауамен берілетіндіктен және де көзге көрінбейтіндіктен туберкулез ауруы тез жұғады.

Алайда, туберкулезді жұқтырғандардың барлығы науқас болып саналмайды, себебі иммундық жүйе қоздырғыш үшін тежеу бола алады. Иммундық жүйесі әлсіреген адамның ауру мүмкіндігі жоғары болады. Туберкулез бактериялары сыртқы ортаға өте төзімділігімен ерекшеленеді.

Туберкулез ауруына тек адамдар ғана емес, сонымен қатар малдар да шалдығады: сиыр, ешкі, бұғы, түйелер. Ауру жануардың сүті немесе еті адам үшін жұқтыру көзі болуы мүмкін.

Туберкулез жұқтыру барысында аурудың дамуы мен ауыр ағымына ықпал ететін факторлар көп. Бұл – әлеуметтік тұрмыстың нашарлығы, дұрыс тамақтанбау, психологиялық күйзелістер, ілеспе аурулар (қант диабеті, жа-

рақаттар, созылмалы өкпе аурулары, АИТВ/ЖИТС), зиянды әдеттер.

Сонымен қатар, ауру негізінен желдетілмейтін тар бөлмелерде тез жұғады. Туберкулездің белгілерін ерте анықтап, уақытында дәрігерге көріну керек. Ауруды ерте анықтау үшін туберкулезге ұқсас белгілер пайда бола бастағанда дер кезінде дәрігерге қаралған жөн.

Өкпе туберкулезінің белгілері:

- Жөтел үш аптадан астам созылса;
- Кеуде қуысының немесе іштің қысымы;
- Түнгі терлеу;
- Дене қызуы;
- Адам ағзасының жүдеуі.

Туберкулезді анықтаудың жолдары.

1. Тері туберкулин сынамасы (Манту) адамның жұқтырғанын көрсетеді.
2. Рентгенологиялық тексеру (флюорография) өкпенің зақымданғанын көрсетеді.
3. Қақырықты зерттеу, жөтел кезінде бөлінетін микробтардың бар-жоғын анықтайды.
4. Молекулярлық-генетикалық зерттеулер. Туберкулездің алдын алу шаралары.
 1. Салауатты өмір салты.
 2. Таза ауада серуендеу, күн және су процедуралары, дене шынықтырумен айналысу, демалыс пен еңбек жүктемесінің дұрыс үйлесімі, толыққанды, дәрмендерге бай тамақтану, жеткілікті және уақытылы ұйқы, яғни дұрыс гигиеналық тәртіп адам ағзасының нығаюына



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Әсел ДАҒЖАН

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел.: 232-36-54.

WEB–редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanyshe@mail.ru

Жарнама және тарату
бөлімінің менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса «Қазпошта»
АҚ Алматы почтамтына:
261-59-11, 259-88-99 (ішкі
0318) телефондары арқылы
хабарласыңыз



Республикаға тарайтын
қоғамдық-саяси қалалық
басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі,
сенбі күндері шығады.
Апталық
таралымы – 15 663

Кезекші редактор –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80ВР000026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.



МЕРЕЙ

«Өмір. Өнер.
Жарасым»Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық академиялық драма театрында актер, Қазақстанның еңбек сіңірген артисі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Айдос Бектемірдің 70 жасқа және актриса, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері Жібек Бектемірдің 60 жасқа толуына арналған «Өмір. Өнер. Жарасым» атты шығармашылық кеш өтті.

Шығармашылық кеш мерейтой иесі Айдос Бектемірдің өзі сахналаған «Абай-Тоғжан» драмасымен шымылдығын түрді. «Бұған дейін Абай, Құнанбай, Оразбай рөлдерімен көрермен жүрегінен орын алған актердің бүгінгі өнеріне де дән риза болып, құрмет-қошемет арнадық. Жастарымыздың бойына рухани адамгершілік, тәлім-тәрбие беріп, олардың болашақтарының жарқын болуына үлесін қосып келе жатқан ұлы тұлғаларымыздың саны арта берсін», – дейді Алматы қаласы Мәдениет басқармасының басшысы Ғани Майлыбаев.

Ел ықыласына бөленген өнердегі жарасымды жұптың мерейтойына деген құттықтау мен сый-сияпатын арнайы келген қо-



нактар ортаға шығып табыстады, тілек-құрметін білдірді. Театрдың шығармашылық жөніндегі орынбасары Жалғас Толғанбай Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлованың құттықтау хатын жеткізді. Актердің өсіп-өнген ордасы Қарағанды облысының әкімі Жеңіс Қасымбектің атынан құттықтау хаты мен сый-қадесін Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Ермек Алпысов табыстады. Қала әкімі Бакытжан Сағынтаевтың құттықтау хатын Алматы қаласы Мәдениет басқармасының басшысы Ғани Майлыбаев жеткізіп, Айдос Бектемірді «Алматы қаласына сіңірген еңбегі үшін» медалімен марапаттады. Сондай-ақ, құттықтаулар легін ұлттық театрдың абыз ақсақалы, көркемдік жетекшісі Асанәлі Әшімов бастаған М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық академиялық драма театрының және Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрының ұжымы жалғастырды.

Мерейтойлық турнир

Суреттерді түсірген
Самат СЕРІКБАЙЫПЫ.

Мегалполисте Алматы энергия кешені қызметкерлері арасында ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен Қазақстандағы энергетика күніне арналған билырдан V мерейтойлық турнир ұйымдастырылды.

«Өріптестеріміз арасында жыл сайын турнир өткізіп келеді. Биыл АЖК, КЕГОС, АЭС, «Мойнақ ГЭС» командалары қатысты. Мұнда сабырлы болуға және дәл тигізуге үйренуге болады. Сондай-ақ, математика мен геометрияны меңгеруге ықпал етеді», – дейді

электр тораптары ұйымдары жұмыскерлерінің «Жергілікті «Серіктес» кәсіподағы» ҚБ төрағасы Қали Сабыржан.

Жалпы, турнирге 16 ойыншы қатысты. Ойын қорытындысы бойынша 1-орынға Нұржан Исабаев, 2-орынға Елдар Дүйсетай, 3-орынға Дәулет Қарамолдаев ие болды. Үздік үштікке билырд бойынша әлем чемпионы Ернар Шымбаев бағалы сыйлықтар мен медальдар табыстады.

Ақтолық ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.

КИНОКЕҢІСТІК

«Қазақ тілі сабақтары» – Парижде

Айнұр
СЕНБАЕВА

Жуырда Ермек Шынарбаевтың «Қазақ тілі сабақтары» фильмінің әлемдік деңгейдегі премьерасы өтеді. Тұсаукесер 10 желтоқсанға белгіленген.

Картинаның көрсетілімі Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған Festival Du Film Kazakhstan аясында өтеді. Мелодрама Сәбина атты бойжеткен мен қазақ тілі мұғалімі Арманның арасындағы махаббат оқиғасына құрылған. Фильмде Сәбинаға арналған тіл сабақтары махаббат сабағына айналады.

Басты рөлдегі актриса әрі модель Зарина Ева режиссермен Голливуд актері Джонни Депп ойнайтын басқа фильмге арналған түсірілімде танысқан. Бірақ ол кастингтен өте алмаған, кейін «Қазақ тілі сабақтары» фильміне Сәбинаның рөлін ойнауға шақырту алынды.

«Бұл – мен үшін ерекше жоба, жүрегіме өте жақын. Өйткені, бұл менің алғашқы басты рөлім әрі продюсер ретіндегі бірінші жұмысым. Картинаның өзі ұлы сезім – махаббат жайлы. Бәріміз махаббаттан жаралғанбыз. Әркімнің бақытты болуға құқығы бар, бірақ бақыт әркімге әртүрлі жолмен келеді. Қазір түсірілім кезін, жобаға дайындық барысын ерекше жылылықпен еске аламын. Қуанышты, көңілді сәт көп болды. Бір қызығы, әр туындының өз жолы бар. Кім қалай жоспарласа да, әр фильмнің өз тағдыры мен тарихы бар. Пандемияның салдары-



нан бұл туынды өз еліңде тұрып, ана тілін білмейтін отандастарымыз көп. Фильм еліміздегі осы мәселені арқау етеді. Фильмде бас кейіпкер қазақ тілі мұғалімі Арманның қазақ тілін үйренеді. Мұғалім мен шәкірт арасында махаббат оты тұтанады. Қазақ тілі сабағы – махаббат сабағы. Арманның жүкті қалыңдығының болуы жағдайды қиындатады. Әркім өз таңдауын жасайды», – деді Зарина.

«Қазақ тілі сабақтары» фильмінен басқа, фестивалде «Сары мысық», «Конокрады», «Томирис» сияқты қазақстандық картиналар көрсетіледі, сондай-ақ, классиктердің ретроспективті көрсетілімдері өтеді.

Желтоқсандықтарға құрмет

Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Алматы қаласының «Алатау» дәстүрлі өнер театрының сахнасында желтоқсаншылардың құрметіне «Бостандық жалыны» патриоттық әндер кеші өтті.

Айттыскерлер мен вокалистер 1986 жылғы оқиғаларды еске алу үшін ән салды. Сахнада Отанға, бостандыққа, батырлар мен Қазақстанның тәуелсіздігіне деген махаббат туралы әндер шырқалды. Биыл ел тәуелсіздігінің негізін қалаған Желтоқсан оқиғасына 35 жыл толуына орай патриоттық әндер кешін өткізу туралы шешім қабылданған.

Шараны ашқан Алматы қаласы мәдениет басқармасының басшысы Ғани Майлыбаев концерттің жастар арасында патриотизмді тәрбиелеуге бағытталғанын атап өтті. Сондай-

ақ, Ғ.Майлыбаев қатысушыларды еліміздің басты мерекесімен құттықтап, Қазақстанның тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктерін атап айтты.

Патриоттық әндердің музыкалық кешіне Рамазан Стамғазиев, Ұшқын Жамалбек, Өмірқұл Айниязов, Қорлан Қартенбаева, Гүлнар Байбосынова, Ғазизхан Шекербек және Алма Аманжолова, Әсет Есжан, Бибігүл Қылымхан, Нариман Әбдірахманов қатысты. Сондай-ақ, «Асыл домбыра» айтысының жеңімпаздары Қазірет Бердіхан мен Рүстем Қайыртаулы қатысты.

«Алатау» дәстүрлі өнер театрының директоры Ринат Зайытов осындай патриоттық әндер кешін жыл сайын өткізуді ұсынды. Желтоқсан оқиғасына қатысушыларды Тәуелсіздіктің 30 жылдығымен құттықтап, оларға Алғыс хаттар мен естелік сыйлықтар табыс етті.

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

ВАКЦИНАЦИЯДАН КЕЙІН ИММУНИТЕТ ҚАШАН ҚАЛЫПТАСАДЫ?

Алғашқы иммундық жауап бірінші доза егілгеннен кейін 12-14 күннен соң қалыптаса бастайды

Тұрақты иммунитет екі дозаның вакцинацияланған жағдайда 1-1,5 айдан кейін қалыптасады

Антиденелер түзілетін бүкіл кезең ішінде барлық сақтық шаралары сақталуы қажет – бетперде таып, әлеуметтік қашықтықты сақтаңыз

CORONA VIRUS 2019-KZ kazinform

АНТИДЕНЕЛЕРДІҢ ТҮЗІЛУІНЕ НЕ ӘСЕР ЕТЕДІ?

АЛКОГОЛЬДІК ІШІМДІКТЕР
АНТИДЕНЕЛЕРДІҢ ТҮЗІЛУІН
ЕДӘУІР ТӨМЕНДЕТЕДІ

ИММУНИТЕТ ҚАЛЫПТАСПАУЫ МҮМКІН:

ИММУН ТАПШЫЛЫҒЫ БАР ЖӘНЕ
ИММУНДЫ БАСУ ТЕРАПИЯСЫН
ҚАБЫЛДАП ЖҮРГЕН ПАЦИЕНТТЕРДЕОНКОЛОГИЯЛЫҚ АУРУЛАРЫ БАР
ПАЦИЕНТТЕРДЕАҒЗАСЫНДА ГЕНЕТИКАЛЫҚ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ БАР ПАЦИЕНТТЕРДЕСТАТИСТИКА БОЙЫНША КЕЗ КЕЛГЕН
АУРУҒА ҚАРСЫ ЕКПЕ САЛДЫРҒАН
АДАМДАРДЫҢ 10%-ДА
АНТИДЕНЕЛЕР ТҮЗІЛМЕЙДІCORONA
VIRUS 2019-KZ
kazinform